



ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНА АЛДАНБАУДЫҢ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?

3-бет



Гүлжан МЕЙРАНҚЫЗЫ, I топ мүгедегі, керлингист, қоларба биінен спорт шебері:

«МҮМКІНДІГІМ ШЕКТЕУЛІ БОЛҒАНЫМЕН, ЕРІК-ЖІГЕРІМ ШЕКТЕУСІЗ»

6-бет



ҚОС ҚАЛАДАҒЫ ҚАҚТЫҒЫС:

«Желтоқсан оқиғасы» мен «Целиноград оқиғасының» ақиқаты қашан ашылады?

8-бет

ЗАН газеті

✉ zangazet@mail.ru

№15 (3546) 24 ақпан 2023



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҰЛТТЫҚ ЖОБА ҰЛТ САУЛЫҒЫН ЖАҚСАРТУДЫ КӨЗДЕЙДІ



Халық денсаулығы әрқашан мемлекеттің басты назарында. Сондықтан еліміздегі медициналық қызметті барынша қолжетімді ету, ұлт саулығын жақсарту, халықтың орташа өмір сүру жасын ұзарту, ана мен бала өлімін азайту секілді міндеттер әрқашан назардан тыс қалған емес. Медициналық қызметті күшейте түсу үшін жыл сайын түрлі мемлекеттік бағдарламалармен бірге ұлттық жобалар да қабылдануда. Соның бірі 2021 жылы 12 қазанда Қазақстан Үкіметінің қаулысымен қабылданған еліміздің әрбір азаматы үшін сапалы және қолжетімді медициналық қызметті ұйымдастыруды көздейтін «Дені сау ұлт» ұлттық жобасының бекітілуі болды.

(Соңы 3-бетте)

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Әсем МАҚАШОВА,
Алматы қаласындағы QOLDAҰ кәсіпкерлік орталығы бас директорының орынбасары:

«КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУЫ САУАТТЫ АРТТЫРУДАН БАСТАЛАДЫ»

– Әсем Талғатқызы, әңгімеізді өзіңіз жетекшілік етіп отырған орталықтың құрылу тарихынан бастасақ?

– Қалалық мәслихат шешімімен 2019 жылы кәсіпкерлікті дамытудың «Алматы бизнес – 2025» деген өңірлік бағдарламасы қабылданған еді. Соның аясында «Бизнесте қандай проблема бар? Оны дамытуға не кедергі?» деген сұрақтар зерттеліп, 5 шешім ұсынылды.

Біріншісі, осы QOLDAҰ кәсіпкерлік орталығын құру. Яғни, кәсіпкерлерге, соның ішінде кәсібін жаңа бастаған, бастағысы келетіндерге арналған консалтингтік қызмет көрсету. Онда бір терезе қағидаты бойынша олар бүкіл сұрағына толыққанды жауап алуы керек.

Екіншісі, кәсіпкерлер үшін негізгі мәселенің бірі – қаржы. Банк арқылы берілетін қаржының бірнеше түрі және оған қатысты әрқилы мемлекеттік бағдарлама бар. Сонымен қатар, «Алматы бизнес–2025» бағдарламасының аясында «Алматы» МҚҰ және «Алматы Финанс» ұйымдары құрылды. Олардан бизнесті несиелеу үшін 2, 6 пайызбен де несие алуға болады және кепілсіз берілетін несие түрі де бар. Яғни, екінші шешім ретінде Алматы қаласында тіркелген және кәсібін қала аймағында жүзеге асыратын кәсіпкерлер несиелерін қаржыландыруға мүмкіндік жасау ұсынылды.

Үшіншісі, шағын өнеркәсіптік парктар. Қазір Алматыда оңға жуық шағын кәсіпкерлік паркі жұмыс істеп жатыр. Қаланың шет аудандарында инфрақұрылымы жүргізілген дайын ғимараттар салынып, онда өз өнімін өндіргісі келетін кәсіпкерлер өзіне қажетті алаңды жалға ала алады. Яғни, шағын өнеркәсіп паркіне резидент болып кірген жағдайда кәсіпкерлер микроқаржы ұйымы арқылы 2 пайызбен жеңілдетілген несие ала алады. Одан кейін ондағы жалға беру ақысы 2 жыл көлемінде көбеймейді.

Төртіншісі, оқыту курстарын өткізу. Барлық істе негізгі мәселе білімде ғой.

(Соңы 5-бетте)

МІНБЕР

ӘДІЛЕТТІЛІК ФИЛОСОФИЯСЫ

Философия ғылымы пайда болғалы бері оның заңдылықтары мен құндылықтары адамзаттың игілігі үшін қызмет етіп келе жатқаны жұртшылыққа аян.

Қоғамдық экономикалық формациялардың тұрақтануы мен даму кезеңдерінде, адамдар арасындағы әртүрлі қатынастарды реттеуде, өмір сүру қағидаларын анықтауда, қоғам мүшелерінің әрекеттері мен мінез-құлқтарының ерекшеліктерін зерделеу жолында философия ғылымы өлшеусіз рөл атқарды және атқара бермек.

Философия – мәңгілік ғылым. Аталған ғылымның қай уақытта, қай ғасырда, қандай құрылықта пайда болғанын ешкім анық

айта алмайды. Кейбір ғалымдар философия ғылымы ертедегі грек әдебиеті дами бастаған кезеңде, оның танымал өкілдері Гомер, Анаксимен, Геспод, Апаксимандрлардың дәуірінде, тіпті, онан да бұрын пайда болуы мүмкін деген болжамдар жасайды. Философия ғылымының дамуына Аристотель, Платон, Сократ, Конфуций сияқты әлем жұртшылығы танып, бағасын берген ұлы ойшылдардың айтулы үлес қосқаны тарихи шындық. Аталған ойшылдардың қатарында біздің даңқты

Әбу-Наср әл-Фараби бабамыз да лайықты орын алады деп білеміз.

«Философия» терминін алғаш рет қолданған Антика дәуірінің атақты ойшылы және математигі Пифагор деген гипотеза да таралып жатыр. «Философия» ілімі грек тілінен аударғанда «Пәлсапа», немесе «Даналықты сую» деген ұғымдарды білдіреді екен. Ғылымның осы саласымен айналысатын ғалымдардың саралауы бойынша классикалық философияның зерттейтін негізгі сұрақтарына «Әлденені білу мүмкін бе, ал егер мүмкін болса, онда «мұны дәлелдей аламыз ба?», «Өмір сүрудің ең жақсы жолы бар ма?», «Әділеттілік жазаланбайтын әділетсіздіктен жақсы ма?»,

«Адамда еркін ерік бар ма?», т.с.с. мәселелер жатады екен.

Философия – сан-салалы ғылым. Ол әр тарихи дәуірде әртүрлі бағытпен дамып, қоғамдық қатынастар мен сұраныстарды реттеуде үлкен рөл атқарды. Сондықтан ғылымда «Қытай философиясы», «Тарих философиясы», «Ежелгі грек философиясы», «Ислам философиясы», «Платон философиясы» деген ағымдар тектен-текке пайда болмаған шығар.

Ал «Қазақ философиясы» болды ма, жоқ па деген мәселені талдап көрейік. Әрине, болды. Оның бастауы, түп-тамыры тереңде жатыр. Мүмкін оның дарқан даламызда пайда болуы Әбу-Наср әл-Фараби бабамыз өмір сүрген дәуірден де бұрын басталған шығар. Ұлы Қорқыт бабамыз, Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Ясауи, Махмұт Қашқари сияқты данышпандардың өмір кешкен дәуірлері «қазақ философиясының» пайда болып, даму кезені басталған «алтын ғасыры» деп білеміз. Аталған ғұламалардың айшық жолын Асан Қайғы, Мұхаммед Хайдар Дулати бабаларымыз жалғастырды.

(Соңы 4-бетте)

АЙМАҚ

ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ



Мұхит ТҰРФАРАЕВ,
Түркістан облысы Әділет
департаментінің басшысы

ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ - БАСТЫ МІНДЕТ!

Түркістан облысының Әділет департаментінің атқаратын қызметі ауқымды. Соның ішінде әділет органдарына қатысты мәселелер бойынша және адвокат, нотариус және жеке сот орындаушылардың іс-әрекеттеріне қатысты барлық құқықтық сұрақ бойынша азаматтар Әділет министрлігінің құқықтық ақпараттық қызметіне 119 нөмірі бойынша жүгіне алады.

Біздің департамент 2022 жылы жалпы саны 2939 мемлекеттік қызмет көрсеткен. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша біліктілікті арттыру курсынан 5 қызметкер (ҚР Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясының Түркістан облысы бойынша филиалы) өтті.

2022 жылғы 20 маусымда Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік және мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету салаларындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойды. Бұл заң авторлық құқық объектілеріне зияткерлік меншік объектілерін қорғауды күшейтуге бағытталған салалық заңдардың нормаларына өзгеріс енгізуді көздейді. Осы орайда Түркістан облысының Әділет департаментінің зияткерлік меншік құқықтарды қорғау бөлімі былтыр 300-ге жуық құқықтық насихат жұмысын жүргізіп, жеке кәсіпкерлер және сауда орындарында авторлық құқықты қорғау және тауар таңбаларының тіркелуіне қатысты түсіндіру шараларын өткізу мақсатында кездесу өткізді.

«Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» заңындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, қазіргі таңда саяси партиялар мен діни бірлестіктерді қоспағанда, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу, заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеу, қайта ұйымдастыру арқылы құрылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу, заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу Әділет министрлігі айқындайтын тәртіппен «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы

берілген электрондық өтініш негізінде жүргізілуде. Жалпы өткен жылы облыс көлемінде 121 заңды тұлға, 46 филиал мен өкілдік мемлекеттік тіркеуден, ал 109 заңды тұлға, 24 филиал мен өкілдік қайта тіркеуден өтті. Облыс бойынша 81627 (2021ж. – 90046) азаматтық хал актілері тіркелді. Ал жылжымайтын мүлікті тіркеу саласы бойынша 163552 мемлекеттік қызмет көрсетіліп, оның 56583-і, яғни, 48,2% электронды түрде орындалды.

Бүгінгі таңда Түркістан облысы бойынша 197 нотариус, 172 адвокат, 201 заң кеңесшісі қызмет атқаруда. Нотариаттық іс-әрекеттің заңдылығына және нотариаттық іс жүргізу ережелерінің сақталуына 8 тексеру жүргізіліп, нәтижесінде 2022 жылы әртүрлі негіздер бойынша 1 нотариустың лицензиясы тоқтатылды. Сонымен қатар әртүрлі негіздер бойынша 3 адвокаттың лицензиясы тоқтатылды. Облыстағы барлық аудан, қалалар адвокаттық қызметпен қамтылған. «Е-заң көмегі» ақпараттық жүйесі бойынша Әділет министрлігінің 2020–2024 жылдарға арналған Даму жоспарына сәйкес мемлекеттік кепілдік берген заң көмегін көрсетуге қатысатын адвокаттар саны – 119. 2022 жылы республика көлемінде 170 мыңға жуық азамат мемлекет кепілдік берген заң көмегін алды. Түркістан облысы бойынша мемлекеттік сот орындаушылар саны – 15, жеке сот орындаушылары саны – 151. Әділет министрлігінің Даму жоспарындағы сот актілерін орындау тиімділігін арттыру бойынша нысаналы индикатордағы межелі көрсеткіше 45,0% (2021ж. – 44,5%) қол жеткізілді. Жалпы, орындауда болған атқару құжатының саны – 652 135, оның ішінде аяқталғаны – 287 100.

2022 жылы алимент өндіру санаты бойынша 24 203 атқарушылық құжат орындауда болған. Оның 4337-сі аяқталған, 19 866 құжат қазіргі таңда орындалу барысында. Алимент төлеуден жалтарған және басқа да атқарушылық өндірісі бойынша 361 борышкер әкімшілік жауапкершілікке тартылып, сонымен қатар 134 борышкердің мүлкі тәркіленді. Мемлекет пайдасына өндіру бойынша 169 023 атқару құжаты орындалып, толығымен аяқталған.

Түркістан облысының жеке сот орындаушылар өңірлік палатасының тәртіптік комиссиясы 2022 жылы 134 жеке сот орындаушы жұмысына жоспарлы тексеру жүргізіп, нәтижесінде 102 жеке сот орындаушының тәртіптік жауапкершілігі қаралды, 1 сот орындаушы лицензиясынан айырылды, 30 жеке сот орындаушының тәртіптік жауапкершілігі қаралды, 1 жеке сот орындаушының тәртіптік жауапкершілігі қаралды, нәтижесінде ұсыныс қанағаттандырылып, сотта қаралуда.

Жыл көлемінде Сот үкімімен мүлік тәркілеу бойынша 253 атқару өндірісі орындауға түсті. Оның ішінде 194 атқару өндірісі орындалып, атқару құжаттарының орындалуы 76,6%-ды құрады.

Жалпы Түркістан облысының Әділет департаменті 2023 жылы бірқатар басым бағыттарға қол жеткізуді көздейді. Оның ішінде министрліктің Даму жоспарына орай нысаналы индикаторлардағы межелі көрсеткіше жетуді, адвокаттар мен заң консультанттары тарапынан мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету шеңберінде халықтың құқықтық сауатын арттыруды мақсат етіп отырмыз. Сонымен бірге, заңды тұлғаларды тіркеу, жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу, АХАТ салалары бойынша мемлекеттік қызметтерді электрондық тәртіппен тіркеуді жандандыру, атқару өндірісі бойынша Түркістан облысының жеке сот орындаушылар палатасымен және аудандағы жеке сот орындаушылармен жұмысты жандандыру, мемлекет кірісіне сомаларды өндіріп алу бойынша мемлекеттік және жеке сот орындаушылардың сот актілерін орындау тиімділігін арттыру, зияткерлік саласы бойынша насихат жұмыстарын жандандыру міндет.

Жалпы Түркістан облысының Әділет департаменті 2023 жылы бірқатар басым бағыттарға қол жеткізуді көздейді. Оның ішінде министрліктің Даму жоспарына орай нысаналы индикаторлардағы межелі көрсеткіше жетуді, адвокаттар мен заң консультанттары тарапынан мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету шеңберінде халықтың құқықтық сауатын арттыруды мақсат етіп отырмыз. Сонымен бірге, заңды тұлғаларды тіркеу, жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу, АХАТ салалары бойынша мемлекеттік қызметтерді электрондық тәртіппен тіркеуді жандандыру, атқару өндірісі бойынша Түркістан облысының жеке сот орындаушылар палатасымен және аудандағы жеке сот орындаушылармен жұмысты жандандыру, мемлекет кірісіне сомаларды өндіріп алу бойынша мемлекеттік және жеке сот орындаушылардың сот актілерін орындау тиімділігін арттыру, зияткерлік саласы бойынша насихат жұмыстарын жандандыру міндет.

ШАҒЫН АУЫЛДА КӘСІП АШҚАНДАР САНЫ АРТТЫ

Маңғыстау облысының Құрық порты арқылы былтыр 1,8 миллион тонна жүк тасымалданды. Автомобиль көлігімен 618 мың тонна жүк көлігі жөнелтілді. Ал «Болашақ» станциясы арқылы барлығы 2,2 миллион тонна жүк, 2021 жылы 1,3 миллион тонна жүк тасымалданды.

Сонымен қатар, Қарақия ауданында ауыл шаруашылығы саласы да жақсы көрсеткішке ие. Ауыл шаруашылығы жануарларының асыл тұқымды мал азығына кететін шығындарын азайту үшін 84 шаруашылықтың 14-де 21,8 млн теңге игерілді. Биыл наурызда қалған 70 шаруа қожалығына қаржы беріледі.

Қарақияда мемлекеттік бағдарламалар аясында жоба ұсынған 49 азамат жалпы сомасы 1 млрд теңге несие алды. Нәтижесінде 100-ден астам жұмыс орны ашылды. Сондай-ақ, аталған бағдарлама аясында жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыру үшін 67 адам 89,6 млн теңге көлемінде қайтарымсыз грантқа қол жеткізді. 2023 жылы Құрық, Жетібай, Сенек ауылдарында «Ауыл халқының табысын арттыру» пилоттық жобасын жүзеге асыру жоспарланып отыр. Егер жоба орындалса, ауыл тұрғындары тиімді шарттармен шағын несие алады. Осылайша, жұмыс істеп, табысын арттыруға, басқа да ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтуға мүмкіндік болады.

Құрық ауылында Маңғыстау облысы кәсіпкерлер палатасы Іскер әйелдер кеңесінің тікелей араласуымен республикалық «Бір ауыл – бір өнім» пилоттық жобасы іске асып жатыр. Жобаның басты мақсаты – ауылдағы жұмыссыздықты азайту. Былтыр қарақиялық 65 тұрғын мемлекеттен қайтарымсыз грант алды. Ал Құрық

ауылында 29 адам қаржылай көмек алып, жеке кәсіппен айналысуда. Соның бірі – Раушангүл Қуандықова. Ол жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттен 5 млн теңге көлемінде қайтарымсыз грант алған. Бұл қаржыға жүн өңдейтін тоқыма станогын сатып алды. Қазір мұнда 23 маман жұмыс істейді. Мал терісінен 40-тан астам өнім, яғни былғары сөмке, тақия, тәпішке, тоқыма бұйымдарын жасайды. Ауыл іскерлері өз өнімдерін ел ішіне ғана емес, экспортқа шығаруды да жоспарлап отыр.

Аймақ басшысы Каспий теңізінің әлеуетін тиімді пайдаланып, Маңғыстау облысында балық шаруашылығын дамытуға арнайы бағдарлама әзірлеу қажеттігін айтты. «Балық шаруашылығын дамыту – облыстағы әлеуетті бағыттардың бірі. Үкімет 2030 жылға дейін арнайы бағдарлама әзірледі. Балық өсірумен айналысатындарға бес түрлі субсидия қарастырылған. Былтыр біз балық шаруашылығы бөлімін құрдық. Осы орайда экспорттық әлеуетті арттыруға, балық шаруашылығына инвестиция тартуға баса назар аудару қажет. Балық шаруашылығының дамуы қосымша өнім көлемін арттырумен қатар жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді», – деді Нұрлан Ноғаев.

Жазира ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ

Қазақстанда әкімшілік әділет институтының қалыптасып, жария-құқықтық даулардағы қарапайым азаматтар құқығының мінсіз қорғалуына, мемлекеттік органдар мен жеке тұлғалар арасында туындайтын даудағы теңсіздікті жоюға үлкен мүмкіндік берілді. Бүгінде әкімшілік әділеттің орнығып, мемлекеттік қызметтегі шалағайлықтың, азаматтармен қарым-қатынастың, құқықтық сауаттылықтың жанданып келе жатқаны белгілі.

ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕ ӨЗ НӘТИЖЕСІН БЕРУДЕ

ӘРПК-нің енгізілуімен жария-құқықтық даулар басқа көзқараспен қаралып, азаматтар үшін олардың бұзылған құқықтарын қорғауды жүзеге асыруда көптеген артықшылықтар пайда болды. Басым рөлге ие судьялар процесс кезінде қосымша деректер мен қажетті анықтамаларға сұраныс жасауды тәжірибеден өткізді. Өз пікірлерін белсенді түрде білдіріп отырады. Бұл жетістік әкімшілік істердің әр аймақтарда жүктеменің арта бастауына әкелуде. Әкімшілік істерді қарайтын судьялардың бұл салада біліктілігін көтеру, заңды дұрыс әрі мүлтіксіз қолдану тәжірибелері де біршама жақсарды.

Республика соттарының әкімшілік істер бойынша сот төрелігін іске асыру жұмыстарына көз салсақ, ӘРПК енгізілгеннен бері республика соттарына 27 мыңнан аса талап қою (2021 жылы – 14 469, 2022 жылы – 13 160 талап қою) арыздары келіп түскен екен. Есептерге сүйенсек, тараптардың көбінесе

сот орындаушылар әрекеттері (әрекетсіздігі) туралы дауласатынын көрсетеді. Сонымен қатар, әкімдерге, әкімдер аппараттарына және олардың қарамағындағы ұйымдарға, шешімдерге, қаулыларға, сондай-ақ, әрекеттерге (әрекетсіздікке) қатысты беріліп жатқан жер даулары бойынша талап қоюлардың көп екендігі де байқалды. Одан кейінгі орында – салықтық даулар, мемлекеттік сатып алу саласында және тұрғын үй даулары түр екен. Соттар осы істерді қарауды, оның ішінде шығарылған шешімдерінде ақшалай өндіріп алулар мен жеке ұйғарымдар, бизнесті қорғау, инвестицияға қатысты даулар, әкімдерді сайлау және т.б. дауларды қарау бойынша тұрақты талдау жасап, талқылап келеді.

Жоғарғы Соттың әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы талдау жасай келіп, әкімшілік органдардың кейбірі өз жұмыстарын ӘРПК-нің жаңа ережелері бойынша жүргізіп отырған

жоқ деген тұжырымға келді. Басым жағдайда дауларды шешуге бұрынғыша қарау, яғни, дауды өз бетінше шешуге деген ниеттің жоқтығы байқалады. Мұның арты әкімшілік сот ісін жүргізуге алып келеді.

Былтыр әкімшілік соттарда қаралған істер бойынша шешімдердің 57%-ы талапкерлердің пайдасына шығарылған, істердің 15%-ында тараптар татуласқан. Осы жерде бір жыл ішінде барлық соттарда 686 ақшалай өндіру туралы жеке ұйғарым шығарылғанын атап өткізуге болады.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте соттық әсер етудің бір әдісі ретінде процестік мәжбүрлеу шаралары қарастырылған.

Процестік мәжбүрлеу шараларына ескерту, сот отырысы залынан шығарып жіберу, ақшалай өндіріп алу жатады.

Ата Заңның талаптарына сәйкес сот актілерін, сондай-ақ, сот төрелігін іске асыру кезінде соттар мен судьялардың талаптарын, сұрау салуларын және басқа да өтініштерін олар жіберілген барлық тұлғалар орындауға міндетті.

Әкімшілік істер – соттағы үлес салмағы аз болғанымен, өте маңызды әрі ауыр санатқа жатады. Себебі, мұнда тараптар – қарапайым азаматтар мен мемлекеттік органдар болып табылады. Сондықтан бұл заңмен қолданылатын шаралар тараптарды бірден тәртіпке шақырады.

Мысалы, ақшалай өндіріп алу – бұл әкімшілік актінің орындалуын ынталандыруға ықпал ететін, процеске қатысушылардың тәртіптік мінез-құлқына айтарлықтай әсер ететін ӘРПК-дегі маңызды баптардың бірі. Осы

бағыттағы соттар жұмысының көрсеткіштері ақшалай өндіру процестік мәжбүрлеу шараларының пәрменді құралы болып табылатынын айқайтады.

ӘРПК-де сот міндеттерін орындамау – белгілі бір деңгейде жауапкершілікке алып келетіні көрсетілген. Мысалы, іс жүргізу құқығын асыра пайдаланған немесе іс жүргізу міндеттерін орындамаған тұлғаға 10 АЕК көлемінде ақшалай айыппұл салынады. Оның ішінде, егер адам іс жүргізу міндеттерін орындама, атап айтқанда дәлелдемелерді ұсынған, сот тапсырмаларын орындаса, бірақ дәлелді себептерсіз сот белгілеген мерзімдерді бұза отырып, егер бұл істі қарауды кешіктіруге әкеп соқтырса, әрбір мұндай әрекет (әрекетсіздік) – 10 АЕК көлемінде ақшалай өндіріп алу тағайындалады.

Ақшалай өндіріп алу заңға және сотқа құрметпен қарауды қалыптастыру ретінде сот ісін жүргізу міндетін іске асыруға ықпал етеді

Біз әкімшілік құқықтық дауларда үздік нәтижелерге қол жеткізген елдердің тәжірибелерімен, соның негізінде жасалған заңның талабымен жұмыс жасап келеміз. Қысқа уақытта аталған соттар өз жұмысының нәтижесін көрсетті. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасымен әзірленген әкімшілік әділет құрылымы шын мәнінде қарапайым азаматтардың пайдасына қызмет етуде деп айта аламыз.

Мұрат ӘУБӘКІРОВ,
Маңғыстау облыстық сотының
судьясы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҰЛТТЫҚ ЖОБА ҰЛТ САУЛЫҒЫН ЖАҚСАРТУДЫ КӨЗДЕЙДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

3,6 трлн теңге бөлінген жобаға көптеген міндеттер жүктелген. 2025 жылға дейін әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді медициналық қызметпен қамтамасыз ету міндетін арқаалаған ұлттық жоба қазіргі таңда нәтижелі жұмыс істеп жатыр. Атап айтар болсақ, ең алдымен сапалы медициналық көмектің халыққа қолжетімді болуын мақсат етсе, екіншіден эпидемиологиялық болжау мен ден қоюдың қазіргі заманғы жүйесін қалыптастыруға аса мән беріліп отыр. Өйткені, бірнеше жыл бұрынғы пандемиялық жағдай жұқпалы ауруларға бей-жай қарауға болмайтын ұқтырды. Сондықтан қазіргі таңда тез таралу қаупі бар аурулардың алдын алу, халықтың жеке бас гигиенасын сақтауына аса мән берілуде. Нәтижесінде жұқпалы аурулардың біршама азайғаны байқалып отыр. Яғни, халық жұқпалы аурулардың алдын алуға айтарлықтай бейімделді деуге болады. Аталмыш бағдарлама аясында отандық өндірістің қолжетімді дәрілік заттары мен медициналық бұйымдарын

қамтамасыз ету мен салауатты өмір салтын ұстанатын халықтың үлесін арттыру және бұқаралық спортты дамыту міндеттемелері де қойылған. Яғни, алдағы уақытта отандық дәрі-дәрмек өндірісін арттыра отырып, өзге елдің дәрі-дәрмегіне қол жаймауға бекініп отырған еліміздің ұстанымы қуантарлық. Негізі отандық дәрі-дәрмек өндірісі жоспары елімізде талайdan сөз болып келеді. Аталмыш ұлттық жоба сол жоспарға серпін берсін деп тілейік. Сапасы сенімді, бағасы ойдан шығатын, ұлттық қауіпсіздігімізді де қамтамасыз ететіндей отандық дәрі өндірісі алдағы уақытта өркендей түссе, мақсатымыздың орындалғаны деуге болады.

Атап өтер жайт, соңғы кездері елімізде дәрі-дәрмек бағасының көтеріліп бара жатқаны жиі айтылады. Осы бір олқылықтың орнын ұлттық жоба арқылы толтыра алсақ, бағасын да бақылауда ұстауға мүмкіндік туар еді. Сондықтан «Дені сау ұлт» ұлттық жобасынан күтер үміт зор



болып отыр. Алғашқы жылдары жүйенің қыр-сырын түсінбей міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне де халық наразылығы жоғары болғанымен, соңғы кездері Қазақстанның бір қиян шетінде отырып, Астананың орталығындағы медициналық көмекті оңай алу мүмкіндігі туды. Соған орай халқымыздың медициналық қызметке де көңілі толып келеді. Сондықтан саладағы

әрбір өзгерісті қуана күтуде. Өйткені, саладағы өзгерістің барлығы халыққа медициналық қызметті қолжетімді етуді көздейді. Мақала жазу барысында ойын білмек болып осы саланың қазанында қайнап жүрген мандарға да қоңырау шалып көрдік.

«Аруана» оңалту орталығының директоры Шынар МӘЛІКҚЫЗЫ: «Медицина саласына айтылар сын

көп болғанымен, салада қол жеткізген жетістіктеріміз өте көп. Еліміздің медициналық қызмет көрсетуі де заманға сай бейімделіп келеді. Нақты мысал келтіретін болсақ, ковидтен кейін инсульт алатындардың қатары күрт көбейіп кетті. Сәйкесінше инсульттан кейінгі оңалту еміне деген де сұраныс арта түсті. Осы орайда нақты статистиканы сөйлетер болсақ МӘМС арқылы медициналық реабилитацияға бөлінетін қаржы көлемі соңғы жылдары 13 есе артып отыр. Яғни, сұранысқа сай оңалтуға бөлінетін қаржы көлемі де еселеп өскен. Мәселен, 2019 жылы оңалту қызметіне 600 млн теңге жұмсалған болса, 2022 жылы Алматыдағы реабилитациялық қызметтерге 7,5 млрд теңге қарастырылған екен. Ауыз толтырып айтарлықтай қаржы қазір науқастардың игілігі үшін жұмсалуда. Біз көп жағдайда саланың осындай жетістігін ескерместен, сыңға алуға даяр тұрамыз. Тұтас жүйені бір жыл ішінде өзгерту мүмкін емес. Дегенмен қоғам да, халық та, дәрігерлер де заман сұранысына сай қолжетімді медициналық қызметке үйреніп келеді. Медициналық қызмет көрсету сапасының өскенін байқайды. Осылай бейімделе отырып ұлттық жобалар арқылы жетілдіріп, жалпы халыққа сапалы әрі қолжетімді медициналық көмекті ұйымдастыратын боламыз. Ал ондай мүмкіндікті «Дені сау ұлт» ұлттық жобасы тудыратынына сенемін» дейді.

Еркенұр ҚОНЫСБАЙ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНА АЛДАНБАУДЫҢ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?

Қаржы пирамидасы – бұл алғашқы салымшыларға келесі салымшылардан табыс төленетін алаяқтықтың бір түрі. Соңында ақша салғандар бар мүлкі мен қаржысынан айырылады. Өйткені, олар өзінен жоғары тұратын адамдарға бар тапқан ақшаларын аңғалдықпен бере салады.

Қаржы пирамидасына кірістер келесі бір адамның тіркелуінен келеді. Сол себептен, көп адам тіркелген сайын саған түсетін қаржы да көп болады деп сендіреді. Әдетте олар коммерциялық ұйым ретінде тіркеледі. Ал пирамиданы ұйымдастырушылар оларды инвестициялық компаниялар ретінде барынша жасырады.

Қаржы пирамидалары өткен ғасырда пайда бола бастаған. Жылдан жылға дамып, адам алдаудың небір амалдары да өзгеріп, жетіліп отырды. Оның бірнеше түрі бар. Адамдар арасындағы ең танымалы – 1919 жылы негізделген «Понци» схемасы. Ол АҚШ-қа қоныс аударған италияндық Чарльз Понцидің есімімен байланысты. Понци схемасы классикалық қаржы пирамидасы болып саналады, онда ескі мүшелерге төлемдер тек жаңа мүшелерден алдау арқылы тартылған ақша есебінен жасалады. Қаржы пирамидасының бастапқы белгісі – табысқа кенелесіз деген уәдесі. Психологиялық манипуляциялардың әсерімен сізді тартады, уәде береді. Осыған қалай сеніп қалғандарын білмей қалған адамдар өздері де түсінбей түбімен бұл нәрсеге кіріп кетеді. Өзін кіргізіп қана қоймай, дерттің әсері тіпті, туған-туыстары мен бауырларына дейін таралады. Екінші белгісі – ұйымның активтері, лицензиясы, кірістері мен шығыстары туралы дәлелдемелері бар ақпараттың болмауы. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарында агрессивті жарнаманың көп болуы. Бұның барлығы күмән тудыратындай іс-әрекеттер.

Бүгінде елде «Гарант 24 Ломбард», «Выгодный заем», «Эстейт», «Астра Консалтинг», «Qnet», «World Biznes Consalting», «L-Капитал»

сынды қаржы пирамидалары тіркелген. Қазіргі таңда оларға қатысты тергеу жүргізіліп жатыр. Басшылары мен қызметкерлері заң жүзінде қудаланып, жауапқа тартылуда. Бір өкініштісі, отбасында қаржылық жетіспеушіліктен шаңырағын қара бұлт қаптаған қарапайым жандар – осы пирамидалардың құрбаны. Оларды құр уәдемнен үлкен қаражатты салуға көндіреді.

«Осыдан 2 жыл бұрын әлеуметтік желіде бір блогердің осы «Гарант 24 Ломбард» қаржылық пирамидасы жайлы айтқанын көрдім. Сол жарнамаға еріп, Тараз қаласындағы филиалына бардым. Басында түсіндіргенде олар маған «сіз қоятын ақшаны немесе мүлкіңізді кейін процентімен қосып, 3 айда 2 есе қылып қайтарып береміз», – деді. Ақшаға сол кезде қатты қысылып тұрған едім, жарайды деп көлігімді қойдым. Бірақ сол кезде өмірім-

дегі ең үлкен қателікті жасағанымды білсем ғой... Артынша, не ақша жоқ, не көлік жоқ, барлығынан айырылдым. Бірақ, оның барлығы өткеннің қателігі. Бұл маған өмірлік сабақ болды. Мен ғана емес, қаншама адам әлі де осы қаржылық пирамиданың арбауына түсіп қалып жатыр. Тіпті, өзінің дүниелерімен қоймай, туысқан, жақын таныстарын да бұл сұмдыққа кіргізеді. Бірақ, оларға айтарым агенттігің таппаған ақшаның берекесі болмайды. Мен сияқты алданып қалмаңыздар», – дейді Жалғас Айтбаев.

Қазіргі таңда қаржылық пирамидалармен күресуге біздің қоғам үлкен күш жұмылдырып жатыр. Соңғы жылдары 29 қаржы пирамидасы жойылған, алаяқтардың саны 28 пайызға азайған. Қаржылық мониторинг агенттігінің мәліметінше, қаржы пирамидасын ұйымда-

стыру бойынша 85 қылмыстық іс қаралған. 15 іс бойынша үкім шығарылып, 23 адам сотталды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қаржылық пирамидаларды жарнама- лаған адамдарға қылмыстық жауапкершілікті қарастыратын заңға қол қойды. Енді қаржы пирамидасы туралы үгіт-насихат жүргізіп, ақпаратты жариялауға болмайды. Сондай-ақ, қазақстандықтар бір-ақ сәтте компанияларда қаржылық пирамида белгілерінің бар-жоғын Telegram әлеуметтік желісіндегі «Vaiqa, piramida» деген боттың көмегімен тексере алады. Бұл бот 12 қаңтар күні жүзеге асырылды. Бар болғаны, компания немесе жобаның сілтемесін немесе BCH енгізу қажет. Сұраныстарды тексеру, сұраныс келіп түскен күннен бастап үш күнге дейінгі мерзімде жүзеге асырылады.

МАМАН ПІКІРІ

Эльнура КІШКЕНЕБАЕВА, заңгер:

«АҚШАНЫ БЕРГЕН АДАМ ДА КІНӘЛІ»

– Қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі – қаржы пирамидасы болып тұр. Қарапайым халық оңай әрі тез ақша табу жолын іздеп, салған ақшасын 2-3 еселеп шығарып аламын деп, жұлдыздардың жарнамаларына алданып қалатын жағдайлар көп кездеседі. Әрине, бұл қарапайым халықтың қаржылық сауаттылығының болмауынан, қолына берілген құжаттармен мұқият таныспауынан, болмаса заңгерлерден кеңес алмауынан, кез келген жарнаманы сүзгіден өткізіп, әбден тексермеуінен болады. Қаржы пирамидасын ұйымдастырушылардың басты көздегені, өз аттарына ешқандай мүлік те, басқа да нәрсені қоймай, тиісінше, табысы жоғары, жобаға сенетін, аңғал азаматтардан ақша тарту екенін түсіну керек. Бұл жағдай қаржылық шығындарға әкелуі әбден мүмкін. Заңды білмеу, оны бұзу жауапкершіліктен құтқармайды. Сол себепті, «жұлдыздар жарнамалаған соң сеніп өдім», деп алданған адамды жауапкершіліктен құтқара алмайсыз. Тыныш тұрған жеріңізден ақша қаражатыңызды тартып алған болса, онда ол адам кінәлі, ал сіз жеңіл жолмен ақша тапқыңыз келіп, өзіңіз ақша берсеңіз, онда өзіңіз ақша кінәлісіз. Бұл тұрғыда, әр адам өз санасымен барлығын саралап, оңай жолмен олжа табуға ұмтылмайы қажет.

Бауыржан ӘБІЛХАНОВ, психосоматолог:

«ХАЛЫҚТЫҢ КӨЗІ АШЫЛМАЙЫНША АЛАЯҚТАРҒА ЖЕМ БОЛА БЕРЕДІ»

Қаржылық пирамида тақырыбы көкейімде біраз уақыттан бері жүрген тақырып. Мені көп адамдардың психологиялық тұрғыда әлсіз, барлық нәрсеге сене беретін, ұстанатын ұстанымдары, өз ойлары жоқ болатындығы таңқалдырады. Оған біздің халықтың қаржылық сауаттылығының төмендігі мен сенгіштігі себепкер деп ойлаймын. Мысалы, банктер депозитінің беретін пайдасы 9% құрайды. Аты әлемге әйгілі кәсіпкер, инвестор Уоррен Баффеттің Berkshire Hathaway компаниясының беретін пайдасы 18%. Бұл пайыздың барлығы – жылдық табыс. Пирамидаға шақыратын алаяқтар айтатындай 3-4 айдағы табыс емес. Олардың айтатыны 1 миллион теңге сал да, 1-2 айдан соң оны 1,5 - 2 миллион қылып шығарасың деген шындыққа жанаспайтын нәрсе. Неге ол соншалықты табысты болса, айтпай-ақ ақшаны өздері тауып құя бермейді? Атышулы «Гарант 24 Ломбард»-тың оқиғасы естеріңізде болар. «L-Капитал» компаниясы да 30% жылдық табыс деп уәде еткендерін бере алмай, үстінен іс қозғалды. Халықтың көзі ашылып, рухани тұрғыда байымағанда мұндай жағдайлар орын ала береді. Пайда табудың қаншама дұрыс жолы бар. Танымайтын адамды байытқанша, айналаңызда 0-ден кәсіп бастап, біраздан бері жұмыс істеп, өзін көрсетіп, дәлелдеп келе жатқан кәсіпкерлер бар болса, ең дұрысы солардың кәсібінә құйыңыз.

Алтынай ЖЕТПИСБАЕВА

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ

КӘСІПКЕРЛЕР QR-КОД АРҚЫЛЫ ШАҒЫМДАНА АЛАДЫ

Алматы қаласы прокуратурасы мен Өңірлік кәсіпкерлер палатасының бизнесті қорғау мәселелері жөніндегі жұмыс кездесуінде «Кәсіпкерлердің құқығын қорғау жөніндегі мобильді топ» жобасы таныстырылды.

Енді кәсіпкердің құқығы бұзылған жағдайда, оның ішінде кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласу фактілері орын алса QR-кодты қолдану арқылы Алматы қаласы прокуратурасындағы кәсіпкерлер құқығын қорғау жөнін-

дегі мобильді топқа жүгіне алады. Бұл үшін прокуратура дүкен, базар, дәріхана, сұлулық салоны, фитнес орталығы сияқты кәсіпкерлік субъектілерінің барлық нысанына арнайы QR-кодты орналастыруды жоспарлап отыр.

– Жобаның жұмысалаған соң сеніп өдім», деп алданған адамды жауапкершіліктен құтқара алмайсыз. Тыныш тұрған жеріңізден ақша қаражатыңызды тартып алған болса, онда ол адам кінәлі, ал сіз жеңіл жолмен ақша тапқыңыз келіп, өзіңіз ақша берсеңіз, онда өзіңіз ақша кінәлісіз. Бұл тұрғыда, әр адам өз санасымен барлығын саралап, оңай жолмен олжа табуға ұмтылмайы қажет.

жібереді. Әрі қарай прокуратура ақпаратты сигнал бойынша 30 минут ішінде бағалайды және қажет болған жағдайда сигнал түскен нысанға барып жедел әрекет етеді, – дейді Медеу ауданы прокуратурасының орынбасары Бауыржан Төлендинов. Оның айтуынша, кәсіпкерлерден түскен барлық сигнал қала прокуратурасының дерекқорына түседі және аудандар бойынша топтастырылады. Кейіннен бұл ақпарат прокуратура мен кәсіпкерлер палатасына сигналдарды талдауға және қаланың

жүйелік проблемаларының тізілімін қалыптастыруға көмектеседі.

Алматы қаласы кәсіпкерлер палатасының бизнесті қорғау жөніндегі сарапшысы Тимур Зейнешевтің сөзіне қарағанда, былтыр бизнесті қорғау желісі бойынша палатаға кәсіпкерлер тарапынан 462 өтініш түскен. Оның 12,7 пайызы төтенше жағдай режимін енгізумен, 11,9 пайызы салықтық және кедендік әкімшілендірумен, 5,2 пайызы жер мәселелерімен, 7,8 пайызы мемлекеттік органдардың әрекеттеріне қатысты. Былтыр қала прокуратурасымен бірлесіп кәсіпкерлік субъектілерін қылмыстық қудалау аясына негізсіз тартуды анықтау бойынша үлкен жұмыс атқарылды. Соның нәтижесінде қала прокуратурасы 21 қылмыстық істі өз бетінше тоқтатты, 51 істі тергеу органының өзі тоқтатты.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ал, қазақ даласының дара дауысына айналған атақты ақын-жыраулардың шығармалары, онда келтірілген дәйектер мен ой-толғаулар тұнып тұрған философиялық құндылықтардың жиынтығындай, ұлттық сана-сезімнің жарқын үлгісі ретінде бағалануы тиіс. Әр ғасырда «қазақ философиясының» дамуына өлшеусіз үлес қосқан дала данышпандарының есімін зор мәртебемен еске аламыз. Сонымен қатар, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев сияқты ұлттың ұлы перзенттері өмір сүрген дәуірді «қазақ философиясының» ерекше дәуірі деп атауға болады.

Философия ғылымының негізгі нысандарының (бағыттарының) бірі – әділеттік философиясы деп білеміз. Атақты ойшылдар мен данышпандар, ғалымдар «әділеттік» және «әділетсіздік» деген танымдарды зерделеуде көп еңбектенді. Атақты Аристотель: «Әділеттік – кез келген жағдайдың тең ортасы, ал әділетсіздік – артық қамту, не болмаса, жетпей қалу. Бірі өте көп, екіншісі өте аз алады» деген тұжырым жасаған. Аристотельдің іліміне сүйенетін болсақ, әділеттік философиясының екі бағытын анықтауға болады.

Біріншісі – қоғамдық қатынастарды, шиеленістерді тура жолмен реттейтін әділ принциптерге негізделген заңнамаларды дұрыс қолдану, яғни бұл «әділет философиясының» саяси формасы. Екіншісі – азаматтардың мінез-құлқы мен әрекетінен туындайтын мәселелерді дұрыс, әділ жолмен шешуді меңзейді. Айтылған ойларды түйіндей келе, «Әділеттік философиясы» – қоғамдық қатынастар, шиеленістер мен азаматтардың мінез-құлқы және әрекетіне заңнамалық тұрғыдан баға берудің көрсеткіші деп білеміз.

Әр азамат әділетті қоғамда өмір сүруді аңсайды. Бұл – тіршілік мұратының басты құндылығы. Әр азамат қоғам мүшесі ретінде мемлекетті басқарып отырған билік өкілдерінің әділетті іс-әрекетін, шешімін көргісі келеді. Осы әрекеттерді, шешімдерді саралауда, қоғамда азаматтарға жасалып жатқан әлеуметтік шараларды, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау жолындағы реформалық жаңғыртуларды бағалау барысында «әділетті қоғам» немесе «әділетсіз қоғам» деген пікір қалыптасады.

Конституцияның 1-бөлімінің 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп анық көрсетілген. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Біз әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құруды көздеп отырмыз. Кез келген істе әділдік қағидасын басшылыққа алсақ, бұған анық қол жеткіземіз» – деп жазды.

Иә, тәуелсіздік – ұлтымыздың ең құнды байлығы. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы армандаған асыл мұратының жеңісі. Тәуелсіз, егемен мемлекет тек демократиялық принциптерді басшылыққа ала отырып дамитын болады. Осы тұста «қазақ философиясы» деген мәселеге қайта оралып, аталған философияның негізі, яғни, бүгінгі мемлекетіміздің ең дұрыс даму жолы – заңдылық пен әділеттік принциптерін қатаң сақтау деп білеміз.

Көп жағдайларда «заңдылық және әділеттілік» принциптері бір ұғым ретінде қолданылып жатады. Біздің пайымдауымызша – бұл дұрыс емес. Заңдылық – ол арнаулы мемлекеттік органдар қабылдаған қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.

Ең басты заңымыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы. Осы Ата Заңымыздың басты принциптерін басшылыққа ала отырып басқа да заңнамалар, нормативтік актілер қабылданады. Аталған заңнамалар қоғамның әрбір мүшесіне қатысты және ол тиісінше орындалуы тиіс. Әділеттілік – мемлекетті басқарып отырған лауазымды тұлғалардың, құқық қолданушы лауазымды азаматтардың іс-әрекеттеріне қоғам мүшелерінің (азаматтардың) беретін бағасы.

Мемлекет пен халықты басқарудың сара жолы көп. Жоғары лауазымды азаматтар өздерінің өкілеттік міндеттерін атқару барысында, мысалы: жерді бөлу, қазба байлықта-

рын пайдалану, әлеуметтік шараларды ұйымдастыру, кадр таңдау мен орналас-тыру, т.с.с. жасаған



азаматтар мүддесінің әртүрлі болатынын ескеруге міндетті. Бірдей мүдде, бірдей талап болуы мүмкін емес. Айтылған құндылықтар ескерілмеген жағдайда қоғам мүшелерінің тарапынан билікке деген сенімсіздік туындайды.

«Әділеттілік» пен «әділетсіздіктің» айырмасы қандай деген мәселеге тоқтала кетейік. «Әділеттілікке» жетудің жолы өте қиын. Кейде анық көзің жетіп отырған деректің әділетсіздігін дәлелдеу қиынға түседі. Білімің мен тәжірибең аздық етуі мүмкін. Жақының мен танысыңнан да көмек шама-лы болады.

ӘДІЛЕТТІЛІК ФИЛОСОФИЯСЫ

әрекеттеріне қоғам мүшелері «заңсыз», «әділетсіз» деген бағалар беріп жатады. Кейбір жағдайда бұл мәселелер көпшіліктің наразылығын тудыруы мүмкін. Сол сияқты, сот жүйесі мен құқық қорғау қызметкерлерінің қабылдаған шешіміне де қанағаттанбау фактілері кездеседі. Негізінен, әділетсіздік заңнама нормаларының сақталмауынан туындайтын қоғамдық құбылыс. Лауазымды адамдардың әрекеті мен құқық қолданушы қызметкерлердің қабылдаған бір шешімі бойынша қоғамда «әділетті» немесе «әділетсіз» деген екі көзқарас туындауы мүмкін. Бұл заңдылық. Себебі, қоғам мүшелері өз сана-сезімінің дәрежесіне, біліктілік қабілетіне, құқықтық сауаттылығына байланысты әртүрлі көзқараста болады. Құқықтық, зайырлы, демократиялық принциптерге негізделіп құрылған мемлекетте сөз, пікір бостандығы сақталуы тиіс.

Осы тұста, басты мәселе «заңдылық» пен «әділеттілік» принциптерінің ара-жігін ажыратуда деп білеміз. Көптеген жағдайда «әділеттілік» принципі «заңдылық» принципінің құрамдас бөлігі ретінде бағаланады, яғни заңдылық деген баға әділеттілік дегенді білдіреді. Мысалы, Азаматтық процестік кодекстің 6-бабы «Заңдылық» принципі деп аталады да, осы баптың 5-бөлігінде «әділдік» заңдылық принципінің өлшем шарты ретінде қолданылған. 2014 жылы аталған кодекстің жұмыс жобасын дайындау барысында, жұмыс тобының мүшесі ретінде «әділеттілік» принципі «заңдылық» принципінен бөліп, жеке ұсынып ретінде заңнамалық күш беру ұсынылған еді. Өкінішке қарай, бұл ұсыныс қолдау таппады. Дегенмен, біз соңғы пікірді әлі де қолдаймыз және дұрыс бағыт-амыз деген ойдамыз.

Жоғарыда көрсетілгендей, «заңдылық» пен «әділеттілік» принциптерінің құқықтық институт ретінде атқаратын рөлі әртүрлі және олардың құқықтық салдары да мазмұны жағынан сырттай бір-біріне ұқсас болғанымен, әртүрлі мағынаны білдіреді. «Әділеттілік» – философиялық құқық, этика, эстетика, мораль, т.с.с. салаларының негізгі айқын-даушы принципі ретінде бағалануы тиіс. Бұл принцип адам өмірінің барлық салаларында туындап жатады. Әсіресе, азаматтардың өз құқығы мен бостандығын қорғау жолында заңдылықпен қатар әділеттілікті талап етуі өте орынды және қоғам мен билік осы талаптарды ескеруі қажет.

Әділетсіздік орын алған жағдайда адамдар қоғам мен билікке наразы болып, өз мұратына жетудің басқа жолын іздеуге әрекеттенеді. Осы жолды таңдау барысында адамдар заңдылықты сақтамай, теріс әрекеттер жасауы да мүмкін. Қоғамда әлеуметтік әділеттілік орнауы тиіс. Жоғары мемлекеттік лауазым, билік тетіктері мен үлкен бедел әділеттіліктің жолын бөгемейі тиіс. Мемлекеттік билік азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау, сақтау жолында

Осындай сәттерден кейін билікке, қоғамға өкпелеу басталып, тығырықтан шығудың басқа жолын, мүмкін «теріс» жолын таңдауға тура келеді. Ал «әділетсіздікке» жол берген, ықпал жасаған адам саналы түрде әрекет етіп, қабылданған шешімді сақтап қалудың жолын алдын ала ойластырады. Өзінің әрекетіне сырттай жоғары баға беріп, ішкі мазмұны мен салдарын жасырып көрсетуге тырысады. Өкінішке қарай, қоғам мүшелерінің ішінде де оларды қолдаушылар табылып жатады.

Қазіргі уақытта бұқаралық ақпарат құралдарында, қылмыстық, азаматтық және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы, олардың субъектілері, аталған тараптарға мемлекеттік органдар тарапынан қолданылған шаралар туралы жазылған мақалалар, жарияланымдар көбейіп кетті. «Журналистік тергеу» деген айдары басшылыққа алып, жасалған немесе орын алған әрекеттерге «заңды» немесе «заңсыз», «әділетті» немесе «әділетсіз» деген баға беріліп, қорытынды жасалып жатады.

Біз журналист әріптестеріміздің қоғамдағы орны мен еңбегін жоғары бағалаймыз және олардың жұмысына араласудан аулақпыз. Бірақ, біз өмір кешіп отырған демократиялық қоғамда әрбір әрекет, қызметтік функциялар қолданыстағы заңнамаларды басшылыққа ала отырып жүзеге асуы тиіс. Бұқаралық ақпарат құралдары – халықтың көзі. Онда жарияланған материалдарды қоғам нақты дерек ретінде жоғары сеніммен қабылдайды. Әсіресе, «жасыл басшылық» беттерінде жарық көрген кейбір мақалалар әділетті қоғамдық қатынастардың қалыптасуына кері әсерін тигізуі мүмкін.

Белгілі болған кейбір жағдайларда заңдылықтың сақталуы мен бұзылуы туралы мәселелерге, оларға берілетін құқықтық бағалардың әділеттілігін немесе әділетсіздігін лауазымды адамдар мен арнаулы мемлекеттік органдар беретіндігі ескерілмей жатады. Мысалы, Ата Заңымыздың 77-бабы 3-тармағының 1-тармақшасында «адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі» – деген қағида бар. Азаматтық және әкімшілік құқық бұзушылықтың орын алғаны тек сот шешімі күшіне енгеннен кейін ғана танылуы тиіс. Өз кезегінде, «Бұқаралық ақпарат құралдары» туралы заңның 7-тарауында көрсетілген бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңды бұзу үшін жауапкершілікті де ескеру қажет. Жоғарыда келтірілген тұжырымдар қоғамда болып жатқан қатынастар мен өзгерістерді заңдылық, әділеттілік жолымен бағалауға оң ықпалын тигізеді деп сенеміз.

«Әділеттік философиясы» туралы зерделеуімізді жалғастыра отырып, келесі мәселеге көңіл аудармыз: «Әділеттілік» мәселесі адам өмірінің барлық кезеңінде, мәдениеті

мен тұрмысы, қызметінің барлық саласында кездеседі. Әділеттіліктің ақ-қарасын білу үшін тек құқықтану ғана емес, сол сияқты этика, эстетика, дін, экономика, т.б. бағыттағы ғылымдардың негізгі заңдылығы мен қағидасын білу қажет. Психологиясының ерекшелігіне сәйкес адам әділеттілікке ең бірінші өзінің құқығы мен бостандығын қорғау үшін, өзі өмір сүріп отырған қоғамның адамға жасап отырған қамқорлығын ұғыну үшін, билік пен азаматтар арасында пайда болған қоғамдық қатынастардың тиімділігін ажырату үшін жүгінеді.

Біздің пікірімізше әділеттіліктің алдын ала жазылып, дайындалып қойған формуласы жоқ. Әділеттіліктің орнауына мемлекет экономикасының қарқынды дамуы, адам еңбегін адал бағалау, білікті білім алуға, денсаулықты жақсартуға, ұрпағына білім және тәрбие беруге мүмкіндік жасау, т.б. факторлар тікелей әсер етеді.

Адам өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы мемлекет билігін қадірлеуге, қолданыстағы заңнамаларды

ды және орындалуға жатады. Бұл процестік заңнаманың талабы. Ал, кейбір адамдар аталған жағдайда да әділетсіздік орын алды деген сенімнен арыла алмай, арыздану әрекетін жалғастыра береді. Қоғамның даму барысындағы қарама-қайшылық деген осы болады.

«Өмір – әділетсіз, өмірге жолым болмады, өмірге бекер келген екем», – деген пікірлер жиі айтылып жатады. Өмір деген – адамның дүние есігін ашуы, жанұяда тәрбиеленуі, мектепте білім алуы, мамандық таңдауы, еңбекке араласуы, жар сүйуі, ұрпағын өсіруі сияқты табиғи заңдылықтар. Ал аталған өмір иірімдерінде адамдар сан қырлы жеңіл немесе күрделі қоғамдық қатынастарға түседі. Олардың нәтижелері алуан түрлі болуы мүмкін және адамның ойынан шыға бермейді. Соның салдарынан адамның санасында өмірге риза болмау немесе қанағаттанбау сияқты қорытындылар орын алуы мүмкін. Өмір – ол салыстырмалы ұғым, көзге көрінбейді, қолға ұстап тұру, түзету мүмкін емес. Ал адамдар қоғамдық қатынастарға өз еркімен, белгілі бір нәтижеге жету үшін түседі, және осы әрекеттерінен бас тартуына да болады. Ол – адамның еркі және құқығы. Сондықтан, өмірге өкпелеу қаншалықты орынды немесе орынсыз? Әділеттілікке жету үшін адал жолмен жүріп, еңбектену қажет. Ал әділетсіздік те адамдардың араласуымен жасалуы мүмкін екенін ұғыну қажет.

«Адамдарды әділеттілікті сүйеге үйрету үшін оларға әділетсіздіктің нәтижелерін көрсету керек» – деп жазыпты ағылшын философы Адам Смитт. Иә, қарапайым адам болсын, мемлекеттік биліктің тұтқасын ұстаған тұлға болсын, заңдылыққа баға беретін лауазымды адам болсын, оның бойында әділеттілікті сүйеге деген ұмтылыс, құштарлық болуы қажет. Адам тек қана өз әрекетінің нәтижесінен ғана емес, айтылған бір ауыз сөзінің нәтижесін адалдық, шыншылдық, яғни әділеттілік күту үшін жаралған ұлы құбылыс.

Әділеттілікті мойындамау – адам мінез-құлқындағы ең үлкен шарасыздық, қателік. Әділетсіздіктің нәтижесі басқа адамдар үшін ғана емес, сол адамның өзіне де сор болып жабысуы мүмкін. Байқасаңыз, жоғарыда айтылған ағылшын философияның түйіндеуіміз біздің «қазақи философиямыз» үндес, тағдырлас болып тұр емес пе? Бұл деген сөз, «Әділеттік философиясының» түп тамыры, қайнар бұлағы әлем халықтарына ортақ деген мағынаны білдіреді деп түйіндейміз.

«Әділеттіліктің бірінші марапаты – бұл әділетті жасағанды сезіну», – деген екен француз философы Ж. Руссо. Адам баласы таңғажайып жаңалықтар ашу, таңқаларлық ерлік жасауға қабілетті болумен қатар, әділеттіліктің шыңына жетуге қабілетті болу керек. Сана, сезім еркіндігі адам бойындағы ең үлкен қасиет. Оны адам өзі басқарады, бағыт, бағдар беріп отырады. Адалдыққа ұмтылу – әділеттілікке барынша жол ашады.

Әділеттілік жасағанын сезінген, түсінген адам, оның шуағына шомылған адам әділетсіздікке ешқашан бармауы тиіс және әділетті жолмен жүру оның өмірінің мәні, мағынасы болып қала береді. Ықылым заманнан бері философия ғылымы адам баласына осы жоғары құндылықтарды үйретумен келеді. Ғылымның жолы да ауыр жол. Күрделі кедергілер, алынбас асулар аз емес. Солай бола тұра адамның сана-сезімі, білімі, адалдығы, шыншылдығы бәрінен биік тұрған құдірет. «Шыншылдық адалдықпен аралас» – деп толғаныпты ұлы бабамыз әл-Фараби.

«Әділеттік философиясы» – теңізден де терен, мұхиттан да үлкен ғылыми құбылыс. Адам баласы мындаған жыл, ондаған ғасыр бойы әлі оның шыңырау шыңына жеткен жоқ. Әділеттілік – шыншылдықтан, адалдықтан, білімділіктен, Отанды сүйуден тұратын философиялық ілім. Әділеттілік жасау – әділетсіздіктің жолын бөгеге, қарсылық көрсету.

«Әділеттік философиясы» – өлмейтін, өшпейтін ғылым, оның заңды жалғасы бар. Бұл ғылымның асқар асуы, жаңа белесі келер ұрпақтың еншісінде деп білеміз. Әлемді күйреуден әділеттілік құтқарады.

Бағлан МАҚҰЛБЕКОВ,
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының
доғарыстағы судьясы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кәсіпкерлікті дамытпас бұрын сауаттылықты көтеру керек. Есіңізде болса бұған дейін компьютерлік сауаттылық, қаржылық сауаттылық дейтін едік. Қазір енді кәсіпкерлік сауаттылық деп жатырмыз.

– QOLDAŪ кәсіпкерлік орталығының алдында тұрған мақсат-міндеттері қандай?

– Біздің басты мақсатымыз – Алматы қаласындағы кәсіпкерлік бас тамашыл тұрғындарды, кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мен дамытуға байланысты барлық мәселелер бойынша басты құзырет орталығы болу.

Ол үшін алдымызға мынандай міндеттер қойылып отыр: Қала тұрғындарының кәсіпкерлік сауатын арттыру; жұмыс істеп тұрған бизнеске және кәсіпкерлік бастамасы бар халыққа жобаларды тиімді іске асыруда ұйымдасқан түрде жәрдем көрсету; кәсіпкерлікті дамытуға кедергі келтіретін әкімшілік кедергілерді жою; бизнесті дамытудың барлық кезеңінде кәсіпкерлерді қолдау; бизнес-идея пайда болған сәттен бастап жобаны қаржыландыруға және іске асыруға дейін сүйемелдеу. Бұл міндеттер – рұқсат құжаттар, жобаларды сүйемелдеу, оқыту, корпоративтік даму және жаңа жобалар департаменттері арқылы жүргізіледі.

– Жобаларды сүйемелдеу департаментінің қызметіне кеңірек тоқтала кетсеңіз?

– Онда кәсіпкерлік субъектілеріне, сондай-ақ, Алматыда кәсіпкерлікті бастау ойы бар жеке тұлғаларға мемлекеттік қолдау мен мемлекеттік және өңірлік бағдарламаларға қатысу шарттары бойынша консультациялық қызмет көрсетеді. Департамент міндетіне: мемлекеттік бағдарлама шеңберінде жетілдірілген қаржыландыру мен грант алуға кеңес беру; нарыққа талдау жүргізу, маркетингтік стратегия, баға белгілеу моделі және қаржы моделі бөлігінде бизнес-жоспар әзірлеу; субсидия және өтеусіз грант беруді жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдармен өзара жұмыс жасау кіреді.

Таратып айтар болсақ, біздің елімізде мемлекетпен жасалған, мемлекетпен құрылған бағдарлама жетерлік. Мәселенің бәрі оның адамдарға жету-жетпейтінде болып тұр. Өйткені, әркім өз саласында маман. Мысалы, тігінші өз шеберханасы туралы айтса, мен түсінбеймін. Сол сияқты мен мемлекеттік бағдарлама, субсидия, сыйақы мөлшерлемесі туралы айтсам, ол сізге де жеткіліксіз болуы мүмкін. Сондықтан бұл жердегі басты мақсат бастаманы қарапайым тілмен халыққа, кәсіпкерлерге жеткізу.

Кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасы деп аталатын кешенді бағдарлама жүзеге асырылуда. Онда бірнеше құрал бар. Соның бірі, сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау. Яғни, сіз клиент ретінде несие алуға банкке баратын болсаңыз пайыздық мөлшерлемесіз 22 пайыз болуы мүмкін. Бұл жерде кәсіпкер өзінің мөлшерлемесін 6 пайызға дейін түсіре алады. Оның негізгі шарты мынандай. Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесі (16,75%) мен оған қосылатын 5 пайыздық 6 пайыздан гана кәсіпкер өзі төлейді. Қалғанын мемлекет кәсіпкер үшін субсидиялайды.



Өсем МАҚАШОВА,

Алматы қаласындағы QOLDAŪ кәсіпкерлік орталығы бас директорының орынбасары:

«КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУЫТУ САУАТТЫ АРТТЫРУДАН БАСТАЛАДЫ»

Екінші құрал, бұл ішінара кепілдік. Кәсіпкер несие алады. Ол үшін кепіл қою керек. Бұл жерде мемлекет қалай көмектеседі? Егер 10 млн теңгеге несие алсаңыз банк өтімділікті жабатындай осы сомада кепіл қою керек дейді. Сіздің 10 емес, 5 млн-ға ғана жететін кепіліңіз болса онда мемлекеттің кепілін пайдалана аласыз. Яғни, мемлекеттік бағдарлама аясында 50-85 % дейін кепілдікті пайдалана алады.

Үшінші құрал, грант. Оның максималды көлемі 5 млн теңге. 10 ақпаннан бастап жаңа өзгерістер енгізіліп отыр. Кәсіпкер ретінде грант суммасын 5 млн теңге деп сұрайтын болсаңыз, бұрын өзіңіздің 10 % үлесіңізді қосуыңыз керек болған. Енді ол 20%-ға көбейіп отыр. Бұрын халықтың әлеуметтік осал тобы инновациясыз қатысуға болады деген сияқты артықшылық болатын. Жаңа редакцияға сәйкес барлық кәсіпкер грантқа бір шартпен өткізіледі. Яғни, жобаның ерекшелігі, инновациясы болуы керек.

Төртінші құрал, инфрақұрылымды жүргізу. Яғни, кәсіпкердің жер телімі болса, оған инфрақұрылымды мемлекеттің қаржысына жүргізуге болады. Оның бәрін біз түсіндіреміз. Сосын микрокредиттік ұйым арқылы 6 % несие алуға болатынын айттым. Ал серіктестер арқылы алуға болатын 2 % 1-2 топтағы мүгедектер,

мүгедектерді тәрбиелеп отырған отбасылар, өнеркәсіптік парк резиденттері ала алады. Егер кепілзатым мүлде жоқ дейтін болсаңыз, 12 пайызбен несие алуға болады. Сол сияқты жеңілдетілген қаржыландыру көзі де өте көп. Бұл департаменттің басты мақсаты сізге консультация беріп, өзіңізге қолайлы бағдарламаны нақтылау. Одан кейін кәсіпкер ретінде шешім қабылдайтын болсаңыз ары қарай маркетингтер сізге бизнес-жоспар жазуға көмектеседі. Бұл қызметтің бәрі тегін. Мәселен, департаментте былтыр 45 млрд теңге көлеміндегі суммаға 355 жоба қаржыландырылды.

– Рұқсат құжаттар департаменті ше?

– Мұнда келесі бағыттар бойынша рұқсат беру құжатын алуда жер қатынастары; сәулет (құрылыс); инфрақұрылымдық желілерге қосылу; лицензиялау және өзге де рұқсат беру құжаттары бойынша консультациялық қызмет көрсетіледі. Ондағы міндет: мемлекеттік органдармен, табиғи монополиялар субъектілерімен және рұқсат беру құжаттарын беруді жүзеге асыратын өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау; рұқсат беру құжаттарын алу кезіндегі рәсімдердің ашықтығын ұйымдастыру.

Ірі бизнес болса, оның жеке заңгері, қаржыгері болады. Олар

ешқандай қиындықсыз рұқсат қағазға өтінішті онлайн тапсыра алады. Ал шағын және орта бизнес өкілдері бұл үшін мамандарға өзінің қалтасынан қосымша қаржы төлеуге мәжбүр. Олар орталыққа келсе, біздің қызметкерлер біріншіден дұрыс ақпарат береді. Екіншіден, өтініш беруге көмектесіп, құжатты алуға дейін жеткізеді. Былтыр бұл департамент арқылы 872 рұқсат құжат алынған.

– Оқыту департаментінің қызметі қалай жүзеге асырылады?

– Департамент edu.qolday.kz оқыту платформасында онлайн және офлайн форматта кәсіпкерлік негізі және бизнесті дамыту бойынша оқыту курстарын, салалық тренингтерді және мамандандырылған тереңдетілген курстарды өткізеді. Олар мына бағыттар бойынша жүргізіледі: Qolday Start; Qolday System; Qolday Profi; Жастар кәсіпкерлігі. Оның міндеті: кәсіпкерлік негіздері бойынша базалық білім, сондай-ақ, жаңа білімді ұсыну және кәсіби кәсіпкерлік құзыреттерді дамыту; кәсіпкерлікпен ойлауды қалыптастыру, жеке қасиеттерді дамыту және өз бизнесі үшін, атап айтқанда шешім қабылдау және жасалатын іс-әрекеттер

– Платформа кез келген адамға қолжетімді. Онда орталық көрсететін қызметтерге қатысты түрлі бейнероликтер бар. Сондай-ақ, қай күні қандай тақырыпта онлайн сабақ өткізілетінін күнтізбеден алдын ала біліп, уақытын жоспарлауға болады. Одан бөлек онлайн консультация да береміз. Сондықтан кеңес сұрап хабарласатындардың 20-25 пайызы еліміздің өзге өңірлерінен. Ал офлайн түрінде тек Алматы қаласына ғана қызмет жасаймыз.

Біз сияқты ұйымдар аз емес. Олардан басты айырмашылығымыз бізге келген әрбір адам кәсіпкерлікке қатысты өзін толғандырған сауалдың бәріне толық жауап алып қайтады. Сондықтан орталықтағы үйлестіруші маман барлық адамды тоқтатып, «сұрағыңызға толық жауап ала алдыңыз ба?» деп сұрап, көкейінде сауал болса тиісті мамандарға ертіп апарды. Сол үшін де біз өз қызметкерлеріміздің білімі мен қызмет дағдысын ұдайы жетілдіріп отырамыз. Кәсіпкерлікке қатысты барлық қызметті халыққа қарапайым тілде түсіндіру біздің өзгелерден басты ерекшелігіміз деуге болады. Мысалы, өз кәсібін ашқысы келген адам алдымен Qolday Start курсынан бастауы

үшін кәсіби жауапкершілікті түсіну; қазіргі нарықтық жағдайда дербес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін практикалық дағдыларға үйрету.

Халықпен күнде жұмыс істейтін болған соң грант, несиеден бөлек, сауатты көтеру керек. Мәселен, Qolday Start – кәсіпкерлікті бастағысы келетін адамдарға арналған. Qolday System – нақты сала өкілдеріне арналған. Егер сіз сауда саласында жұмыс істесеңіз сауда саласына арналған курстарға, тігіншісіз бе тігін саласына арналған курстар арқылы біліміңізді жетілдіре аласыз. Qolday Profi – нарықтағы сұранысқа сәйкес авторлық курстар. Оған СММ, мемлекеттік сатып алу, маркетингтік мысалға келтіруге болады. Ал төртіншісі жастар кәсіпкерлігін дамыту. Жасыратыны жоқ, бізде өз мамандығы бойынша жұмыс істейтіндер аз. Өйткені, олар бұрынғыдай төмен жалақыға жұмыс істеуге келіспейді. Тұрақты, жақсы жалақының болғанын қалайды. Сондықтан жоғары оқу орындарымен бірлесіп сабақты соңғы курстарға арнап өткіземіз. Онда қалай бизнес жоспар жасау керек дегенді практикалық дағдылармен көрсетеміз. Әрине, қаланың барлық оқу орындарымен жұмыс істеп жатырмыз деп айта алмаймыз. Тек ҚазҰУ, Тұран, АТУ, АУЭС, ҚазҰМУ т.б. сияқты университеттермен жұмыс жасаудамыз.

– edu.qolday.kz платформасы қызметін тек алматылықтар пайдалана ма?

керек. Онда бизнестің негіздерін үйретеді. Сол жерде ЖК ашасыз ба, ЖШС ашасыз ба, сізге қандай салықтық режим тиімді, қай салада қандай артықшылық пен кемшілік барын түсініп, ойынды қорытып алуыңыз керек дейміз. Адамның белгілі бір кәсіпке қатысты ойы қалыптасқан соң, сіз мынандай несие ала аласыз не мына грантқа қатысып көріңіз деп бағыт-бағдар береміз. Егер бизнес ашуға қабілеті жетпей жатса оны да ашық айтамыз, сіз өз салаңызды табыңыз деп.

– Бизнес негіздерін үйренуге келген адамдардың қанша пайызы өз ісін ашты?

– Бұл сұрақты біз өзіміз үшін талдау жасаймыз. Мысалы кәсіпкерлік бастамасы бойынша келген жеке тұлғалар деген ұғым бар. Былтыр олардың 50 пайызы өз бизнесін ашқан. Жалпы, өзімізге ішкі талдауды 2022 жылы ғана жасадық. Салыстырмалы түрде біздің компания 2019 жылы қыркүйекте құрылғанымен, 2020 жылы карантиндік режимге байланысты қала үшін өзге өзекті мәселелермен жұмыс жүргізді. 2021 жылы өз жұмысымызды қайта жандандыра бастадық. Мәселен, 2021 жылы кәсіпкерлер үшін 225 жобаны қаржыландыруға және 372 рұқсат құжаттама алуға қолжеткіздік.

– Істеріңізге сәттілік тілеймін. Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

СУИЦИД

СЕН ЖАЛҒЫЗ ЕМЕССИҢ!

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне қарағанда, Қазақстан өзіне қол жұмсау дерегі бойынша алдыңғы орындардың бірінде. 2021 жылдың бастапқы төрт айында елде көмелетке толмағандар арасындағы суицидтің 53 оқиғасы орын алды. Бұл көрсеткіш 2020 жылмен салыстырғанда 15,2%-ға артық.

Жүргізілген зерттеулер қорытындысы бір суицидтің салдары 10-20 жасөспірімнің суицидтік мінез-құлқының қалыптасуына, 100-200 жасөспірімді суицидтік санаға алып келетіндігін анықтап отыр. Бұған не себеп? Дұрыс тәрбиенің берілмеуі, буллинг елде әлеуметтік желілердің әсері ме? Біз бұл сұрақтарды психолог, «Жасөспірімдер суицидін алдын алу» жобасының авторы, «Әділ қолдау» қорының

жетекшісі Светлана Богатыреваға қойған едік. Маманның айтуынша, жоғарыда аталғандардың ешқайсысы балалар арасындағы суицидке себеп емес. Бұл жай ғана «триггерлер». Суицидке бір ғана себеп бар – баланың психикалық денсаулығы.

«Мысалы, мектептегі қиындықты немесе буллингті алайық, мұның ешқайсысы өз-өзіне қол жұмсауға себеп емес. Барлық бала белгілі бір дәрежеде әртүрлі қиындыққа тап болады. Бірақ біреуі онымен күресе білсе, екіншісі екіншіше қарай өзіне қол жұмсап жатады. Бұл жерде ең бастысы – баланың ішкі күйін түсіне білу», – дейді психолог.

Өз-өзіне қол жұмсаған адамның туыстары мен достары оның суицидтік мінез-құлқы белгілері байқалмағанын және өзін әдеттегідей ұстағанын жиі айтады. Психолог бұл олай емес деп есептейді. Әрқашан өзгерістер болады, оларды байқаған жөн. Бұл,

мінез-құлқтың, күнделікті тәртіптің және әдеттердің кенеттен өзгеруінен көрінеді. Егер бала кенеттен өзін тұйық ұстай бастаса, ешкіммен араласпай жалғыз қалғысы келсе, күнделікті көңіл-күйі болмай немесе керісінше кенеттен тым көпшілігіне белсенді болып кетсе – бұл баланың психикалық күйіне назар аударып, ата-ана баламен сөйлесіп, көбірек көңіл бөлу керек. Сондай-ақ, ашық немесе жасырын хабарламалар бар. Өз-өзіне қол жұмсамақ болған адамдар көбіне көмек іздейді. Олар мұны ашық айтпаса да, қиналып жүргенін жасырын хабарлама арқылы жеткізуі мүмкін. Мәселен: «Енді мені көрмейсіңдер» немесе «Менсіз сендерге оңай болады» және т.б. түрлі сөздерді қолдануы мүмкін; ұзақ уақыт көрмеген туыстарымен кенет кездесуі мүмкін; денесіне физикалық зақымдар келтіруі; қауіпті жерлерді іздеуі (жоғары биіктік, жоғары жылдамдық) мүмкін. Бұндай мінез-құлқы – өзінің көмекке мұқтаж екенін көрсетудің белгісі.

Психолог баланың барлық мәселелерін тек байыппен сөйлесу арқылы, оның проблемаларын жоққа шығармай, қорқытпай, айыптамай, агрессиясыз шешуге болады деген пікірде. Әңгімелесушілердің екеуі де (ата-ана мен бала) абсолютті өзара сенімге ие болуы керек. Ол

сенім баланы тәрбиелеу мен дамытуға толық қатысу кезінде ғана пайда болады. Ата-ана баланың күнделікті өміріне қызығушылық танытуы қажет.

Балалар мен жасөспірімдер көбіне импульсивті әрі тез ашуланшақ болып келеді. Өйткені, бұл кезеңде бақылауға жауапты ми қыртысы әлі толық дамымайды. Осы кезде ата-ана шыдамдылық танытып, бір сөйлесумен шектеліп қалмауы қажет. Баламен жақсы байланыс орнату үшін күнделікті тілдесіп, сырласу маңызды.

«Ата-ана әрқашан көмектесуге, тыңдауға және дұрыс кеңес беруге дайын болуы керек. Егер баламен жақсы қарым-қатынас орната алмаса, арнайы мамандарға жүгінген жөн», – дейді психолог.

Жалпы барлық ата-анаға берер кеңес, жасөспірімдік кезеңде баламен байланысты үзбеу маңызды. Бала өзінің проблемасымен, ішкі уайымымен жалғыз қалмай, әрқашан ата-анасына көмекке жүгіне алатынын сезінуі керек. Баланы суицидтік ойдан тек ата-ана мен жақын адамдары ғана өзінің қарым-қатынасы, назары, түсіністігі мен сүйіспеншілігі арқылы құтқара алады.

Аружан ҚОЖАБАЕВА

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӨҢГІМЕ

Гүлжан МЕЙРАНҚЫЗЫ,
I топ мүгедегі, керлингист, қоларба биінен спорт шебері:

«МҮМКІНДІГІМ ШЕКТЕУЛІ БОЛҒАНЫМЕН, ЕРІК-ЖІГЕРІМ ШЕКТЕУСІЗ»

Елімізде мүмкіндігі шектеулі жандардың мүмкіндігін арттыру, оларға қолайлы орта қалыптастыру, қамқорлық жасау мақсатында атқарылып жатқан іс-шаралар мен беріліп жатқан мүмкіндіктер жоқ емес, бар. Тіпті, мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау – мемлекет аса көңіл аударып отырған маңызды мәселелердің бірі. Дегенмен, мүгедек жандарға қамқорлық жасауды әлеуметтік саладағы басты міндеттердің бірі ретінде үнемі айтып жүрсек те, оны іске асыруға келгенде ақсап жатқанымыз да рас. Өйткені, ел тұрғындарының 3,73 пайызының мүмкіндігі шектеулі. Ал оларды



дамыту, қоғамға кіріктіру қалай жүріп жатыр? Ерекше қажеттілігі бар адамдар үшін тең мүмкіндіктер жасалған ба? Осы және өзге де сұрақтар төңірегінде керлингист, қоларба биінен спорт шебері Кажынова Гүлжан ханыммен әңгіме өрбіттік.

– Гүлжан Мейранқызы, білімше керлингпен айналысасыз. Бұл спорт түріне қалай келдіңіз?

– 11-сыныпты аяқтап, Алматы технологиялық университетіне, технолог мамандығына оқуға түстім. Мектеп қабырғасында да, жоғары оқу орнында да белсенді болдым. Сабағымды да жақсы оқыдым. Арманым көп еді... Бірақ тағдырдың маңдайыма жазғаны болар, ІІ курста оқып жүргенімде көлік апатына түсіп, жұлыныма зақым келді. Салдарынан жүріп-тұру қабілетімнен айырылып, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған қоларбаға таңылдым. Содан кейін оқуымды жалғастыруға мүмкіндігім болмады. Академия алып, емделіп, қайта оқуымды жалғастырамын деп ойлағанмын. Дегенмен жазмыштан озмыш жоқ екен. Денсаулығым келген зақымның әсерінен орнымнан сол бойы тұра алмадым. Қарап отырсам, қоларбада отырғаным 16 жыл болыпты. «Тірі адам тіршілігін жасайды» демекші, алғашқы жылдары қиын болғаны рас. Аяушылық, өзімнен өзім баз кешіп кету секілді ауыр сезімдерді басымнан өткердім. Бірақ өмір бойы бұлай жалғаса бермейтінім түсіндім. Өзімді қолға алып, алға қарай қадам басуым керек екенім ұқтым. Осылайша, мүмкіндігі шектеулі жандардың ортасымен араласып, немен айналысуға болады деп өзімді іздедім. Нәтижесінде керлинг деген спорт түріне келдім. Одан бөлек қоларбада билеп, конкурстарға қатыса бастадым. Шыны керек, сынақтан тұратын жалған дүниенің сынына ұшыраған жанның бірімін. Кейде осы бір жан жарамды қозғағым келмейді. Бірақ, он екі мүшесі сау болып, өмірге өкпесі мен назын айтып жүретіндерді көргенде, оларды өзімнің басымнан кешкен өмірім арқылы жігерлендіргім келеді.

– Мүмкіндігі шектеулі жандарға керлингпен айналысу қаншалықты пайдалы? Неге осы бағытты таңдадыңыз?

– Керлинг ең ежелгі спорт ойындарының бір түрі болып есептеледі. Жалпы шығу тарихы Шотландия елінен бастау алады. Ал керлинг біздің елімізге қашан келгені туралы білмейді екенмін. Дегенмен, 2003 жылдың қараша айында Қазақстан Керлинг қауымдастығы ресми түрде құрылыпты. Міне, содан бері Қазақстанда мыңнан астам спортшы керлингпен айналысады екен. Бізді керлингпен Виктор Георгиевич есімді маман жаттықтырды. 2022 жылдың қыркүйек айында Прага қаласында

және қазан айында Финляндияда өткен әлем чемпионатына қатысып келдік. Өкінішке қарай, жүлделі орын ала алмадық. Дегенмен, үздік бестіктің ішінде болдық. Негізгі керлинг – қолдың моторикасын дамытып, көздің көруін жақсартады. Яғни, көңіл көтеріп, сергітумен қатар, оңалтуға да арналған ойын түрі ретінде есептеледі. Жалпы, керлинг мұзайдыны үстінде өтетін коман-



далық спорт түрі. Онда екі команда қатысушылары кезек-кезекпен салмағы шамамен 20 килограмдық граниттен жасалған арнайы тасты алдында орналасқан нысанға жібереді. Ал біздің жағдайымызда керлингті арбада отырып ойнаймыз. Мәнінше, мұндай спорт түрлері мүгедек адамдардың арасында спортпен айналысу деңгейін біршама көтеріп, өздері қалаған спортпен айналысуға мүмкіндік береді.

– Керлингтен бөлек қоларбамен билеймін деп айтып қалдыңыз. Мұның бәрі қалай басталды?

– Елімізде мен секілді арбаға таңылғандар аз емес. Өкініштісі, мұндай адамдар аяғынан жүре алмай қалса, қоғамнан оқшауланып, өздерін кем санап, үйінен шықпай қалады. Мұның бәрін маған қазір айту оңай шығар. Басында мен де қаншама күрделі сатыдан өттім. Өзімді бақытсыз сезініп, үйден шықпай, адамдардың көзіне түспей өмір сүрдім. Бірақ уақыт өте келе бәрі өзгерді. Шектеу тек өз миымызда екен. Мүмкіндігім шектеулі болғанымен, ерік-жігерімнің мұқалмағанының арқасында 2021 жылы қоларба биіне келдім. Жетекшім Кульшум Серікқызының арқасында аз ғана уақыттың ішінде мұны да меңгеріп алдым. 2021 жылдың қыркүйек айында Шымкент қаласында қоларба биінен VI спартакиада өтті. Сол спартакиадада екі алтын, бір

күміс жүлде иелендім. Бүгінде қоларба биінен спорт шеберімін. Соңғы кезде мүмкіндігі шектеулі спортшылардың қоларбада отырып билеуі елімізде біршама дамып келеді деп айта аламын.

– Жоғарыда байқауларға қатысып, тіпті шетелге дейін шығып келгеніңізді айтып жатырсыз. Мұның бәріне мемлекет тарапынан қолдау көрсетілді ме? Мемлекеттен қандайда бір әлеуметтік көмек аласыз ба?

– Мемлекет тарапынан мүгедектерге түрлі әлеуметтік көмектер көрсетіледі. Ол жәрдемақы, білім беру, жұмысқа орналастыру деген сияқты көп қой. Сонымен қатар, жәрдемақыларды мүгедектік тобына қарай біреуі көбірек, біреуі аз алады дегендей. Өз басым I топ мүгедегіне берілетін жәрдемақыны аламын. Одан кейін керлингтен стипендия түсіп тұрады. Былай қарағанда әлеуметтік жәрдемақы аз болып көрінуі мүмкін, дегенмен жетпей жатыр демеймін. Шүкір, жақсы! Ең бастысы мүмкіндігі шектеулі адамдарды жеке кәсіпкерлік пен шағын және орта бизнеске тарту арқылы өзгелермен тең дәрежеде болуы үшін мүмкіндіктер жасалып жатыр. Мәселен, өзім былтыр ғана 400 АЕК грантына қатысып, ұтып алдым. Сол арқылы жеке кәсібімді бастап, өзімді жаңа қырымнан көргім келді. Конкурсқа жартылай фабрикат өнімдерін өндіру бойынша бизнес-жоспар жазып, қатыстым. Бүгінде қолға алған ісімді жарты жолда тастап кеткен жоқпын. Ақырындап бастап жатқан жайым бар. Алдағы уақытта мен жасап жатқан жартылай фабрикат

КӨКЖИЕК

ЖАЙЛЫ МЕКТЕП – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Халық үшін ең алдымен керегі қолжетімді медициналық қызмет пен сапалы білім. Осы орайда елімізде сапалы медициналық қызметті қолжетімді ету үшін «Дені сау ұлт», ал білім сапасын көтеру үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобалары қабылданған.

Былтыр «Жайлы мектеп» жобасының маңызын түсіндіргенде Премьер-Министр Әлихан Смайылов «Біздің басты міндетіміз – балабақшадан бастап, білім берудің барлық деңгейлерінде халықтың сапалы білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету. Бұл бағытта ауқымды жұмыстар жүргізілуде. 2021 жылдан бері 674 балабақша ашылды. 326 жаңа мектеп пайдалануға берілді. Сондай-ақ, 1436 мектеп жаңғыртылды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы әзірленіп жатыр. Осы жоба аясында 2025 жылға дейін жаңа құрылыс стандарттары бойынша 840 мың орын беретін мектеп салу көзделген», – деген болатын.

Сол мәлімдемесінде айтқандай қазір «Жайлы мектеп» жобасы сәтті жүзеге асуда. Үкімет басшысы «Жайлы мектеп» жобасы тек балабақша мен мектепке ғана қатысты емес оқу орындарын да қамтитынын айтқан болатын. Атап айтар болсақ, жастарды кәсіптік-техникалық біліммен қамту үшін бюджеттен мемлекеттік тапсырыс бойынша қосымша 45 мың орын бөлінсе, жоба аясында еңбек нарығының сұранысына сай кадр даярлау үшін 500-ге жуық кәсіпорын колледждерді қамқорлыққа алғаны жеткізген еді. Білім беру сапасын жақсарту бойынша жасалып жатқан шаралардың ұлт болашағы үшін маңызы зор екені сөзсіз. Өйткені, мықты маманның іргетасы мектептегі білімнен қаланатынын ескерсек, еліміздің мектептеріндегі білім беру сапасын көтеру парыз!

Осы орайда жақында Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерлан Бекмырзаев «Астанада екі жыл ішінде 40-тан астам жайлы мектеп салынады. «Жайлы мектеп» жобасы аясында 24 мектептің құрылысы басталды. Келесі жылы да осында мектеп салынады. Бұл елорда халқы үшін ауқымды жоба. Астанаға келушілердің қарасы көп. Былтырдың өзіне сырттан келушілердің есебінен қалаға жүз мыңдай адам қоныстаныпты. Бала туу көрсеткіші де артып жатыр. Сондықтан жылына жеті мыңдай жас түлек мектеппен қоштасса, 25 мыңдай бүлдіршін мектеп табалдырығын атайды. Айырмашылық айтарлық көп. Осыдан соң мектеп тапшылығы да сезіледі. Бала көбейіп, мектеп жеткізе алмаған соң білімнен де сапа қаша бастайды» деген болатын. Яғни, мектептерді жедел көбейту қажеттілігін қоғам сезініп отыр. Еліміздің бас қаласында халық саны жедел ұлғайып келе жатқанын ескерсек, аталмыш жоба халықты талапқа сай мектеппен қамтамасыз етуді көздеп отыр. Демек, мектеп барлық жағынан жайлылығымен оқушылардың көңілінен шығуы тиіс.

ҚР білім беру ісінің үздігі Ғалия Қайдауылқызы: «Халық санының жедел ұлғайып келе жатқаны қуантады. Алайда сол балаларды заманауи талапқа сай мектеппен қамтамасыз ете алмасақ ұят. Әсіресе, бас қалада мектеп жетіспеушілігі, үш ауысымды мектептер кездеспей керек. Қазір ата-аналар мемлекеттік мектептің сапалы біліміне күмәнмен қарап, балаларын жекеменшік мектепке көшіріп алуда. Әрине бір сыныпта 35-40 баладан отыратын болса, онда сапалы білім туралы айту қиын. Өйткені, мұғалім 45 минутта барлық балаға бірдей көңіл бөліп үлгермейді. Сондықтан ата-ананың алаңдаушылығы орынды. Соны түсінгендіктен жағдайды оңтайлы пайдаланып жекеменшік мектептер де қаптап кетті. Ал олардағы білім сапасын шын мәнінде тексеріп жатқан ешкім жоқ. Мемлекет Ата Занда кепілдендіргендей тегін, сапалы білім беретін мектеппен еліміздегі барлық баланы қамтамасыз етуі керек. Сондықтан «Жайлы мектеп» жобасы осы олқылықтың орнын толтырса құба құп!» дейді.

Еркенұр ҚОНЫСБАЙ

ЖЕГІҚҰРТ

ҚОҒАМ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТӨЗБЕУ КЕРЕК

Жемқорлық – біздің елімізде де кең етек алған ауқымды мәселе. Бұл қазіргі қоғамға, ел болашағына төніп тұрған қауіп-жауап. Әрине, аталмыш жатан індеттен құтылу, күресу барша халыққа ортақ міндет. Сондай-ақ, әр мемлекет сыбайлас жемқорлықпен өзінше күресетіні сөзсіз.

Барлық елдер үшін оңтайлы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің бірыңғай тетігі жоқ. Дегенмен, әр ел қабылдаған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес әдістерінің ерекшелігі тек саяси және экономикалық, тұрақтылыққа ғана емес, халықтың салт-дәстүріне, діни ерекшеліктеріне және құқықтық мәдениетінің деңгейіне де байланысты.

Сыбайлас жемқорлық – әдетте лауазымды адамның өзіне сеніп тапсырылған өкілеттіктері мен құқықтарын, сондай-ақ, осы лауазымдық мәртебеге байланыстарды заңға және моральдық принциптерге қайшы келетін жеке басының қажеттігіне пайдалануын білдіретін термин. Пара алған адамның заң бұзуының себептері көбіне: ашкөздік, моральдық қағидалары жоқтығы, қоғамды сыйлаушылық, жалақының аздығы, әлеуметтік қысым. Ал, пара беретін адам тарапынан оның себептері:

заңды білмеу және шенеулік тарапынан қысым көрсету, моральдық ұстанымдардың жоқтығы. Қоғамда сыбайлас жемқорлықтың пайда болуының барлық себептерімен күресуге болады және күресу керек.

Өскелең ұрпақ өмірдегі барлық нәрсеге жемқорлықпен емес, өз күшімен жету керектігін білу керек.

Біздің барлық мәселелермен, соның ішінде сыбайлас жемқорлықпен күресетін білімдеріміз бар. Біздің сыбайлас жемқорлықпен күресуге занды мүдделілігіміз бар. Қазіргі таңда мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы функциясын құқық қорғау органдарының жұмысы тұрғысынан ғана қарау дұрыс емес. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттің алдын алуды ұйымдастырудың маңыздылығы біздер үшін яғни, мемлекеттік қызметкер үшін өте үлкен басымдыққа ие. Сыбайлас жемқорлықпен күресу, сыбайластықтың алдын алу бұл жалпы қоғамның негізгі міндеті, азаматтық парызы. Жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру әрқайсысымызға тәрбиесіз. Жас ұрпақ жемқорлыққа төзбейтін қоғамда өмір сүруге тиіс.

Ө. ЖҰБАТҚАНОВ,
Ақтөбе қалалық №2 сотының бас маманы – сот отырысының хатшысы

Сұхбаттасқан
Ақбота ЕРБОЛҚЫЗЫ

ҚОС ҚАЛАДАҒЫ ҚАҚТЫҒЫС:

«Желтоқсан оқиғасы» мен «Целиноград оқиғасының» ақиқаты қашан ашылады?

Желтоқсан көтерілісі туралы әлі талай айтылар, әлі неше рет жазылар. Қанша жазып, айтсақ та, тәуелсіздік тарихында алтын әріппен әдіптелген Желтоқсан көтерілісін 37 жылдан бері өз атымен атамай, оқиға деп бағалап келе жатқанымыздың өзі үлкен өкініш.

Халықтың қарсылығы туралы айтқанда 1979 жылғы «Целиноград оқиғасын» елемей өту мүмкін емес. Маусымның 16-сы күні таңертең Целиноград қаласының орталық алаңына жиылған халық билікті тығырыққа тіреген. Бұл көтерілісті де кезінде тонын теріс айналдырып, «шеру» деп атағандар бар. Бірақ, ақын Хамит Ерғалиевтің «Ақмола көтерілісі» деген өлеңі сол жалтақ пікірдің бәріне нүкте қойған болатын. Жоғарыдағы екі үлкен көтерілісті де «оқиға» деп атау – халықтың табанды қарсылығының мән-мағынасын төмендетумен тең.

Бұл көтерілістің бір ерекшелігі қарсылықты бастаған – қазақтар, оның ішінде жастар. Бірінші күні алаңға шыққан жастар соңынан бүкіл халықты ерте білді. Алаңға апаратын көшелерге дейін шерушілер лық толды. Қазақтар бастады, орыс, татар, еврей, тіпті немістердің өзі де қарсылыққа қосылған екен. Сондықтан мұны жалпыхалықтық дегеніміз де дұрыс болар. Бұл көтеріліс Кеңес өкіметі кеуді еніп, кең етек жаяр тұста қалың ұйқыға ене бастаған қазақтың ұлттық намысын оятты! Сонымен қатар, тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі әнұранының авторы Жүмекен Нәжмедденовтің «Менің Қазақстаным» да осы көтеріліс негізінде дүниеге келген естен шығармағанымыз абзал. Яғни, кеңестік тарихта 1905 жылғы қаңтарда орын алған орыстың «Қанды жексенбісі» 1917 жылғы ұлы октябрь революциясына репетиция болды деп оқытып келсе, «Ақмола көтерілісі» де «Желтоқсан көтерілісінің» репетициясы болған іспетті.

Сол себепті Желтоқсан көтерілісінен жеті жыл бұрын орын алған Целиноградтағы көтеріліс болу себебі сол аймақтан Неміс автономиясын құру туралы маңызды фактіні назарымыздан тыс қалдырмауымыз қажет: 1979 жылы 16-19 маусым аралығында орын алған қазақ халқының көкерім өрендері жасаған ерлік ұлт тарихында ерекше орын алуға, мақтан етілуге тиіс. Алайда, салыстырмалы түрде алғанда, күні кеше болды деуге саятын осы қаһармандық бүгінде айтылмайды. Оның Қазақ елі тәуелсіздігіндегі ықпалы, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне әсері жайлы не тарихшылар, не саясаттанушылар аса мән бермей келеді. Осы өкінішті.

Әйтпесе, қазақ жастарының күркіреген Кеңес өкіметінің өкімін өзгертіп, Ерейментау өңірінде неміс автономиясын құру жөніндегі шешімін бұздырған бұл ерлігі қазақ жерінің тұтастығын сақтап қалғанында еді. Бұл Кеңес Одағы дүркіреп тұрған тұста Ж.Тәшеновтен кейін коммунистік партия көсемдерін алған бетінен қайтарған екінші соққы болатын. Осындай ұлы ерлікті жергілікті тұрғындарының үлесі 17 пайыздан аспайтын Целиноград қаласының қазақ жастары жасаған! Бұл жағдай халықтың ұлттық намысын оятты, ел тарихи қаһармандығын қайта тапты.

Осыған өкінген «ту ата ағаларымыз», Желтоқсан қасіретінен соң: 1979 жылғы Целиноград оқиғасы күшпен басып-жаншылғанда Алматыдағы бас көтеру болмас еді деген өкінішін анық байқатқан. Бұл пікірге қосылмасқа болмайтын да секілді. Өйткені, 18 маусымда осы көтерілісті басуға мәскеуліктерді бастап келген одақтық Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті төрағасының бірінші орынбасары генерал-полковник Ф.Д.Бабковтың «Заң жүзімен қарағанда, мәселе

2 миллион неміске автономиясын қайтарып беріп, әділеттілікті орнына келтіруде болып тұр. Ал автономия нақты қай жерден берілетіні үкімет пен партияның құзырындағы іс. Оған ешқандай ереуіл кері әсер ете алмайды. Заңды партияның ұйғаруымен жоғарғы үкімет орны қабылдайтынын түсінетін уақыт жетті. Осы сөзді ана өз бетінше лағып, елірген тобырға жеткізіп, енді жиналмайтындай етіп таратып жіберу керек», – деген сөзінен де анық байқауға болатын.

Аты аталған екі көтерілісте де қазақ ұлты республиканың тұтастығын сақтап қалды. Өйткені, Колбиннің келуінің негізгі сыры Желтоқсан көтерілісінен соң ашылмай қалғаны ақиқат. Бірақ бұл жерде жасырынған ең негізгі мәселені біз біле алмаспыз да. Бұл – бір. Екіншіден, Ақмола көтерілісі жастардың ұлттық сана-сезімін, рухын оятты. Жастар есейді. Кешегі қой аузынан шөп алмайтын қыз-жігіттер танымастай өзгерді. Ар-намыс, Отан деген ұғымдардың нақты мағынасын түсінді. Өз елінің бостандығы, еркіндігі, тұтастығы үшін күресу керек екенін ұқты. Әрине, бұл «Желтоқсан көтерілісіне» ұласты деп айтуға әбден негіз болды деп ойлаймыз.

Бір өкініштісі осы көтеріліс жайын одақты былай қойғанда, Қазақстанның өз ішінде де көп үлкен мән беріп



Алтыншаш БЕЙСЕМБАЕВА:

«Қазақ жерінде неміс автономиясы құрылады деген жарлық шыққан күні осы алаңға келіп, өзіме керосин құйып өртеймін! Ерейментауды немістерге беру - қазақтардың жүрегін тірідей суырып алғанмен тең, кешірілмес күнә, ауыр қылмыс. Жерімнен жаным садаға!»

айтыла қоймағаны белгілі жайт. Енді осы бір жайттың орнын толтыратын уақыт жетті. Тек желтоқсаншыларды ғана емес, Целиноград оқиғасын да терең жазып, шын тарихын көрсету үшін оған қатысқан адамдарды, нақты белсенді күрескерлерді дәріптеп, қалай болғанда да осы бір ерліктері ескерілуі тиіс.

Мамандардың есептеуінше, қазақ даласында XVIII ғасыр соңындағы

Сырым Датұлы көтерілісінен XX ғасыр басындағы Амангелді Иманов бастаған қарулы күрес арасында 300-ден астам бас көтеру болса, осыншама ірілі-ұсақты наразылықтар да кеңестік жылдарда орын алған. Бұның барлығын ұлт-азаттық қозғалысқа, көтеріліске жатқызуға болмайды, әрине. Мұны анықтау үшін ұлт-азаттық қозғалысының негізгі үш белгісіне назар аударсақ:

ТАҚЫРЫПҚА ТУЗДЫҚ

Көтерілген тақырыпқа орай «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Болат ҚҰРЫМБАЕВҚА бірнеше сұрақ қойған едік.

Тарихты түгендеу бір реттік шара болмауы керек

– Қос қаладағы жастарды алаңға алып шыққан қақтығысты қалай бағалар едіңіз?

– Тарихты түгендеу бір реттік шара болмауы керек. Наурыз мерекесі қарсаңында ғана киілетін қазақтың шапанындай, желтоқсан көтерілісін де тек күнтізбеге қарап еске алғанымыз азаматтығымызға сын. Тарихты үнемі ұлықтап, ел бірлігі мен татулығы жолында күрескен бағырларды дәріптеп отыру міндетіміз. Бұл жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудегі ұлттық, мемлекеттік идеологияның бір тетігі болуы керек. Мен осы екі оқиғаны саралай келе екі көтерілістегі қазақ жастарының өжеттігін тәуелсіздікке қол жеткізген күрес деп санап едім.

– Болат Тоқтабайұлы, Желтоқсан оқиғасын желтоқсан көтерілісі деңгейіне қалай көтереміз?

– 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі өз бағасын алуға әбден лайық. Кеңестік жүйеге қарсы шыққан қазақ жастарының ерлігі бүгінге дейін бағаланбады. Ал бұл көтеріліс одақ құрауындағы көптеген мемлекеттердің санасына сілкіні жасады. Соның нәтижесінде барлық ел тәуелсіздікке ұмтылды. Сол ызғарлы желтоқсан түнінде алаңда тұрып, жанкешті күрескен батырларымыздың бүгінгі күні мәртебесі қай деңгейде? Күрескер жастарды ақтап алу мен олардың статустарын алып беру мәселесі шешімін тапты ма? Желтоқсандық мүгедек батырларға қосымша зейнетақы тағайындауы мүмкін бе? – деген көптеген өзекті мәселелерді қоғамдық деңгейде көтеріп, солардың шешімін қарастыру уақыт күттірмейтін мәселе. Осындай кесе көлденең тұрған жоталы түйткілдерді шеше отырып желтоқсан көтерілісінің беделін көтеру өте маңызды.

– Желтоқсандықтардың Жаңа Қазақстанды құруға қосар үлесі қандай?

– Жаңа Қазақстанды құру әрбір қазақстандықтың борышы деп санаймын. Бұл іске еліміздің барлық азаматы жұмыла кірісуі қажет. Ал желтоқсанда алаңға шыққан азаматтар қазір алпысты алқымдаған, ақылы мен ойы толысқан, қоғамға пайдасын тигізіп жүрген әр саланың маманы. Нақты тоқтала кетсек, Патриоттық қозғалыс «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігінің жарғысында көрсетілгендей

өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие бере отырып, ұлттық құндылықтарды, ата-бабадан қалған салт-дәстүрді жастарға дәріптеу. Қазақ халқының болмысы мен тұрмысы өте ерекше. Соны ұмытып бара жатқандаймыз. Бабаларымыз мұра етіп қалдырған ұланғайыр жерімізді сақтап, жаңа белестерге шығаруда жұмылған жұдырықтай ауызбіршілік керек. Ұйымымыздың негізгі алға қойған мақсаты осы.

– Мемлекеттік тілдің мерейін үстем ету үшін не керек?

– Қазақ «тіземнен сүріндірсе де, тілімінен сүріндірме» – деген ғой. Ана тіліміздің тұғыры биік болу үшін әр қазақ өзімізден бастауымыз керек. Өлемде тілі колданыстан шыққан қанша ұлт бар. Сондай жағдайға түспеу керек. Негізі 1986 жылғы көтерілістің орын алуына тілдің де түрткі болғаны анық. Өйткені, орыс тілі басым болып тұрған сол кенес заманында қазақ тілі құрдымға кетудің аз алдында еді. Қоғамдық орында, көліктерде барлығы орыс тілінде сөйлеуге мәжбүр болды. Бұл кенес жүйесінің жүргізген озбырлығы. Сондықтан да сол заманда қазақ жастары қазақша еркін сөйлеп, ойын ашық жеткізуді армандаған еді. Желтоқсан көтерілісінде осындай көлденең мәселелердің айтылатын уақыты жеткен болатын. Негізі желтоқсан көтерілісі қазақ қоғамындағы кері тартқан кемшіліктерге қарсы жарылыс болды деуге негіз бар. Сондықтан ана тілімізге құрметпен қарап, қазақ тілінде сөйлейтін қоғамды тәрбиелеуге желтоқсан батырларының да қосар үлесі қомақты.

– Қоғамдық бірлестік құрылғалы қандай шаралар атқарылды?

– Бүгінге дейін республика бойынша желтоқсаншылардың заңды тіркелген 16 ұйымы бар. «Желтоқсан ақиқаты» патриоттық қозғалысы ұйымының 2 мыңға жуық мүшесі бар, сонымен қатар еліміздің облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалаларындағы филиал саны 13. Олардың санын арттыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Ұйым заңды тіркеуден өткен күннен бастап Желтоқсан көтерілісіне қатысқан азаматтарға әртүрлі көмек көрсетіп келеді. Соның ішінде құқықтық және әлеуметтік сұрақтар бойынша кеңес беріп, ұйым мүшелерінің құқығын



қорғауда. Сонымен қатар, қоғамдық бірлестіктегі біздердің, ел ағаларының негізгі мақсаты – өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, елімізде жүргізіліп отырған саясатқа етене араласып, билік пен халықтың арасына алтын көпір болу, қоғамда болып жатқан шаралардың басы-қасынан табылу.

Еліміздің басына күн туғанда, Арыс қаласындағы және Байзақ ауданындағы әскери қоймалардағы жарылыс, Шардара жерінде су тасқыны орын алғанда жапа шеккен халыққа демеу болып, материалдық-моральдық тұрғыда көмек көрсеттік. Қордай және Ұйғыр аудандарындағы ұлтаралық қақтығыс кезінде жағдайдың одан әрі ушығып кетпеуіне ықпал еттік. Біздің қоғам түрлі мерекелер қарсаңында концерттік іс-шаралар ұйымдастырып спорттық ойындардан жарыстар өткізіп, қайырымдылық шараларын да жасап отырамыз.

Бүгінгі күннің өзінде бірнеше ЖОО, кәсіптік білім беру ұйымдары мен жалпы білім беру ошақтарында кездесулер өткізіп, Желтоқсан көтерілісінің маңызы туралы әңгімелесе отырып, жастарға елімізді, жерімізді, тілімізді қызғыштай қорғау басты парызымыз екенін насихаттап жүрміз.

– Болат Тоқтабайұлы, ой бөліскеніңізге рақмет.

P.S. Кешегі күн – ертеңгі тарих. Өткеніміздің әр сәтін ұмыт қалдырмай, күрес жолындағы ұлттық рухымызды көтеріп мақтан етер әр кезеңдегі ұрпақтар ерлігін дәріптеп отырайық.

Ұлбала ТІЛЕУҚЫЗЫ, «Заң газеті»

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі: «ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ» ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы Ақтөбе облысы Атырау облысы Маңғыстау облысы Қызылорда облысы Түркістан облысы Батыс Қазақстан облысы
Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5515 дана
Апталық таралым 11 054 дана
Тапсырыс №29 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31